Тәуелсіз еліміздің бүгінгі таңдағы ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, оған жетудің бірден-бір жолы әлемдік білім кеңістігінен орын алу болып табылады. Мұның өзі ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын айқындап, оны тың арнаға, жаңа сапаға жеткізу қажеттілігін міндеттейді. Сондықтан да білім мазмұнын байыту, оқыту үрдісін жетілдіру, инновациялық технологияларды дамыту, жан-жақты дамыған, рухани жетілген жас ұрпақты қалыптастыру – өз шешімін қажет ететін, кезек күттірмейтін мәселе. Осыған сәйкес білім беру мақсаттары мүлде жаңа арнаға бет бұрды. Дәстүрлі оқытуда білім алушыға білім, іскерлік, дағды қалыптастыру бірінші орында тұрса, қазіргі кезеңде білім парадигмасы өзгерді. Білімді жеке тұлғаға қарай бағыттау, білім алушының өзін-өзі тану, соған сәйкес өзін-өзі дамыту, тәрбиелеу, әр баланың дарынын ашу ұстаздар қауымына тың міндеттер жүктеп, келелі істерге бағыт берді. Осыған байланысты «Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту» тұжырымдамасында: «Әрбір баланың жеке тұлғалық қасиеттерін ашу, оның мүмкіндігін, өмірдегі мәнін көрсету арқылы білімге тереңірек ұмытылуына, сондай-ақ ізденісіне, бейімділігіне көмек беру, жағдай туғызу және оған өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру – білім берудің түпкілікті мақсаты» екендігі айқындалған [1, 5].

Осы орайда, Тұңғыш Елбасы Н.Назарбаевтың: «Бізге бұрынғы қай кездегіден де білім мен ғылымның баға жеткізгісіз қорын барынша арттыру, оны қазіргі заманға сай ету қажет» деген сөзі Тәуелсіз елімізде білім мәселесіне мемлекет тарапынан қаншалықты көңіл бөлініп отырғанын дәлелдейді [2, 12].

Қазіргі әлемде жүріп жатқан жаһандану үрдісі мектептегі білім жүйесі мен білім алушыны оқытып тәрбиелеуге де өз әсерін тигізе бастады. Қазақ тілі мен басқа пән пәндерін бірлікте қарап, яғни пәнаралық байланыс арқылы берілетін білімнің салмағын арттыру тілімізді осы жаһандану алапатынан сақтаудың бірден-бір жолы деуге болады.

Бұл өзекжарды мәселелер қазіргі білім беру үрдісіндегі пәнаралық байланыстың орнын дәлелдейді.

Қазақ тілін басқа пәнмен байланыстыра оқыту шығармашылық тұлғаның қалыптасуына жол ашып, білім тұжырымдамасында айтылған басты қағидалардың орындалуына игі ықпалын тигізеді. Сондықтан қазақ тілі сабағында пәнаралық байланысқа ерекше назар аударуға тура келеді. Әсіресе, бір сыныптағы басқа пән мен қазақ тілі пәніндегі тіл дамыту жұмыстарын жеке дара жүргізбей, жүйелі түрде, бірлікте, бір мақсатта жүргізу жақсы нәтиже береді. Білім алушылардың білім деңгейін білім алушылық деңгейден шығармашылық деңгейге көтеруде де пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық жұмыстардың маңызы зор болып табылады.

Қазақ тілін басқа пәнмен сабақтастыра оқыту білім алушылардың қиялына қозғау салып, шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға, туған тілге деген сүйіспеншілік сезімен оятуға игі ықпалын тигізеді; қазақ тілі сабағын жүйелі, сапалы өткізуге әсер етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасында жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, қолайлы жағдай жасау арқылы оның шығармашылық мүмкіндігін дамытуға баса назар аударылады [3].

Қазіргі кезеңдегі қоғамның жедел дамуы ғылым мен техниканың дамуымен байланысты болса, ал болашақта ғылым мен техниканы, өндірісті дамытатын бүгінгі мектеп білім алушылары. Сондықтан білім алушылардың өз-өзіне сенімін арттыру, олардың шығармашылығын дамыту, өтілетін сабақтың оқу материалын терең ұғына білуге баулу – бүгінгі күннің маңызды мәселесі болып табылады.

Тәрбиенің сан-салалы, күрделі мәселелеріне терең бойлауға бастайтын, күнделікті тұрмыста кездесетін дағдылар арқылы баланың жан дүниесіне әсер ететін білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы-бастауыш мектеп. Бастауыш мектептің негізгі міндеті – жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген сенімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін, жалпы мүмкіндіктерін ашу [4].

Сондықтан да қазіргі кезде шығармашылыққа ерекше көңіл бөлініп отыр. Мысалы «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында»: «Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйрену керек», – деген түсініктеме берілген [5, 11].

Орыстың педагог-ғалымдары Ю.К. Бабанский, М.М. Поташник, А.И. Кочетов, Г.Ю. Кзензова, Г.К. Селевко, В.А. Сухомлинский, В.В. Давыдов, Л.С. Выготский, қазақстандық ғалымдар Ә. Қоңыратбаев, Т. Ақшолоқов, Ж. Қараев, Қ. Тасболатов, Ф.Ш. Оразбаева т.б. сынды ғалымдар еңбектерінде шығармашылық іс-әрекеттер қарастырылып келеді.

Шығармашылық сөзінің түп-төркінін ғалым И. Волков «жаңа өнім жасау немесе бұрынғы өнімді жаңалап жетілдіру, іс-әрекеттегі қайталанбайтын, өзгеде жоқ, нәтижелі өнім» деп түсіндіреді [6,15].

«Шығармашылық» сөзіне берілген ғалым пікірі нақты тұжырым болғанмен, оның мәні бұл тұжырымнан да терең, кең. Шығармашылық –қабілет, дарын, өнерпаздық деген ұғыммен үндес. Сол себептен ол тұлғадағы дарын, қабілет, өнердің көзін ашу, сол қасиеттерді дамыту мәселесіндегі ерекше іс-әрекет болып табылады.

Ғалымның пікіріне жүгіне отырып, шығармашылық іс-әрекеттің басты белгілерін төмендегідей тұжырымдауға болады: уақыт үнемдей отырып, артық күш түсірмей, жоғары нәтижеге қол жеткізу; ойлап табу, дайындау, жаңа өнім жасау.

Шығармашылық іс-әрекет – бұл білім алушының белгілі бір мақсатқа ұмтылған, оқыту мазмұнын, көлемін қамтитын және қызығушылығын тудыратын белсенділігін, шығармашылығын арттыратын және оларды тәжірибеде қолдануға бағытталған әрекеттер, білімді меңгерудегі өзіндік іс-әрекеті бар дағдылар мен іскерліктердің бірлігі.

Ал педагог-ғалым Г.Ю. Ксензова жеке тұлғаның басты белгілері ретінде оның шығармашылық қабілетіне тоқталады. Шығармашылық қабілеті жоқ жеке бастың тұлғаға жете алмайтынын сөз етеді [7].

Шығармашылық қасиеттердің жеке тұлғадағы бір көрінісі – оның тілі. Шешен де көркем, бейнелі сөйлей білу, ойды шебер тілмен жеткізу – тұлғаның шығармашылық қасиеттерінің бірі. Дәстүрлі оқытуда шығармашылық жұмыстарды жеке тұлғаға бағыттау, білім алушыларға еркіндік беру, білім алушымен ұстаздар еңбегін өнімді іс-әрекетке негіздеу, білім алушыға субъект ретінде қарау негізге алынбады.

Пәнаралық байланыстағы шығармашылық тапсырмалар жүйесін жасауда мына мәселелерге ерекше көңіл бөлінуі қажет:

- білім алушылардың танымдық қызығушылығын туғызуға түрткі жасау (жалпылау, жинақтау, талдау, топтау, салыстыру, дамыту бағыты);

- мониторинг жүйесіне жүгіну, яғни, тапсырмаларды тез, қарқынды, нәтижелі, өнім беретін бағытта беру;

- даралап, саралап, деңгейлеп оқытуды басшылыққа алу;

- білім алушы мүмкіндігі, қабілетін ескеру;

- білім алушы білімін білім алушылық деңгейден шығармашылық деңгейге көтеруді болжау;

- дамыта оқытуға негізделген тапсырмалар жүйесі арқылы жеке тұлғаны жан-жақты дамытуды көздеу;

- жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытуда аналитикалық, альтернативтік ойлауын жетілдіруді мақсат ету [8].

Шығармашылық жұмыстардың тәлім-тәрбиелік, үлгі берерлік жағына да назар аударылады. Қай жұмыстарда болмасын баланың өзін-өзі тәрбиелеу, бір-біріне үлгі бола білулері ескеріледі, жеке тұлғаның рухани әлемінің жан-жақты дамуына көңіл бөлінеді. Бұл саралаудан оқытуды технологияландыру кезеңіндегі шығармашылық жұмыстардың дәстүрлі оқытудағы шығармашылық жұмыстардан ерекшелігі, айырмашылығы келіп шығады.

Шығармашылық жұмыстардың жүйесін жасағанда білім алушылардың сөздік қорын дамыту, сөздік жұмыстардың тың, өнімді жолдары ізделеді. Сондай-ақ білім алушылардың ауызекі сөйлеу тілдері мен жазба тілдерін жүйелі түрде бір-бірімен ұштастыра, бірлікте қарау жан-жақты ойластырылады.

Шығармашылық жұмыстардың білімділік, тұлғаны жан-жақты дамытушылық мақсаттарымен қоса, тәлім-тәрбиелік, үлгі берерлік жағына да назар аударылады. Қай жұмыстарда болмасын, ізгілікке, имандылыққа баулу, баланың өзін-өзі тәрбиелеуі, бір-біріне үлгі бола білулері ескеріледі, кең ауқымда алғанда, жеке тұлғаның рухани әлемінің жан-жақты дамуына көңіл бөлінеді.

Шығармашылық жұмыстарды жүргізер алдында ұстаздар төмендегі мәселелерді анықтап алған жөн:

- білім алушы тапсырмалардағы сөздердің мәнін, мағынасын түсіне ала ма?

- мақсатын, міндетін, мазмұнын ұға ма?

- толық түсіну үшін тағы қандай ақпараттар, құжаттар, құралдар керек?

- білім алушының білім деңгейіне, мүмкіндігіне сәйкес пе, оларды тапсырмалар қызықтыра ма, ынынталандыра ма?

- білім алушылардың қабілеті, білім деңгейі, сұранысы ескеріле ме?

Тіл дамыту жұмыстарында бүгінгі таңдағы білімді жеке тұлғаға қарай бағыттап беру мақсаты басшылыққа алынады. Білімді білім алушылық деңгейден алгоритімдік деңгейге, одан эвристикалық, одан барып шығармашылық деңгейге дейін сатылып көтеру мәселесі – тіл дамыту жұмыстарына да ортақ. Бұл үрдісте шығармашылық жұмыстардың орны ерекше.

Шығармашылық жұмыстарда білім алушылардың қабілеті, іскерлігі, икем-дағдылары есепке алынады. Оны міндеттемей, білім алушылардың қызығушылығы, ынтасына қарай таңдап алуларына жағдай туғызу, бір тақырыптың өзіне бірнеше тапсырмалар жүйесін жасап ұсыну нақты нәтижеге жеткізеді.

Шығармашылық тапсырмалар білім алушылардың өз беттерімен зерттеу, іздену, қорытынды жасау іс-әрекеттеріне түрткі жасай отырып, олардың дарын, қабілеттерінің жетілуіне ықпал етеді, таным белсенділіктерін арттырады.

Шығармашылық жұмыстар жеке тұлғаның танымдық іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Бұл жерде оның бұрынғы білімі, дағдылары көмекке келеді. Шығармашылық жұмыстарда білім алушының танымдық іс-әрекеті басқа сипатта болады. Мысалы, қазақ тілін басқа пәнмен байланыстыра оқыту, осы негізде тапсырмалар беру, бұрыннан да бар. Шығармашылық жұмыстардың түрі ретінде шығармалар жаздыру, әр түрлі дидактикалық ойындар жүргізу т.б. өткізіліп келді. Технологияны ұстанымға алған шығармашылық жұмыстарда тәжірибеде бұрыннан бар қолданыста жүрген оны дәстүрлі түрлерін жаңғырта пайдалануға болады. Бұдан шығатын қорытынды – шығармашылық жұмыстардың жоқтан пайда болған оқу іс-әрекеті емес.

Жанашыл ұстаз И.П. Волков: «Таланттар қаншама ғаламат бола тұрса да, оқытудан тысқары, қызметтен тысқары өздігінен дами алмайды Көптеген зерттеулерге негізделген ғалымдардың тұжырымдары, міне, осы хақында айтады», - дейді [6, 3].

Ғалымдар, ұстаздар пікірі, шығармашылық жұмыстардың да білім алушы-ұстаздар арасындағы шығармашылық іс-әрекеттерді талап ететінін түсіндіреді. Білім алушылардың дарыны, қабілеті шығармашылық жұмыстардағы ұстаздармен екеуінің арасындағы іс-әрекеттен көрінеді, сол арқылы дамиды. Іс-әрекет жоқ жерде дарыны мен қабілет те дамымайды. Шығармашылық жұмыстардың педагогикалық ерекшелігі оның тіл дамыту үрдісіндегі маңызымен ғана емес, ең бастысы, тұлғалық дарыны мен қабілетін дамыту үрдісіндегі маңызымен де айқындалады.

Шығармашылық жұмыстар білім алушы бұрын кезікпеген, шешімі белгісіз сұрақтардың жауабын табуға бағытталатын оқу еңбегінің жоғарғы деңгейдегі түрі. Ол білім алушының қабілетін, дарынын дамытуға жеке тұлғаның қасиеттерін жетілдіруге бағытталады.

Шығармашылық жұмыстардың басқа да білім салаларымен байланыстыра жүргізгенде өнімді нәтиже береді. Бұл үрдісте пәнаралық байланыстың маңызы зор. Сол себептен де қазақ тіліндегі шығармашылық жұмыстар басқа пәнмен байланыстырылады. Пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық жұмыстардың тиімділігін төмендегідей саралауға болады.

- шығармашылық бағыттағы тапсырмалар білім алушының білім деңгейін білім алушылық деңгейден алгоритімдік, одан эвристикалық, одан шығармашылық деңгейге дейін көтеруге жол ашады;

- пәнаралық байланыс арқылы берілетін білім тереңдетіледі, дағды, іскерлік жетіледі, тілдері дамиды;

- білімді білім алушылардың өз іс-әрекетімен алу жүзеге асады. Білім деңгейлері анализ-синтез, баға беру деңгейіне көтеріледі, өнімді білім беру үрдісі жүреді;

- жұмысты білім алушылардың таңдап алуларына, қалауларына ерік беріледі;

- білім алушыларды ізденімпаздыққа ситуацияны өз бетімен шешуге дағдыландырады, дүниетанымын кеңейтеді, жеке тұлғалық қасиетін қалыптастырады;

- дарынын, қабілетін шығармашылық ізденістерін дамытады;

- ерік қайраты, жігері, есте ұстау, ойлау дағдылары, эмоциясы дамиды;- салыстыру қорытынды жасау, өз беттерімен бір нәтижеге жету, фактілермен ұғымдары жүйелі түрде саралап білуге үйренеді;

- жоба жасау, болжамдар ұсыну, оны қорғау, дәлелдеуге дағдыланады;

- алдында тұрған қиыншылықты жеңуге, өз пікірін дәлелдей білу, сайыстар мен айтыстарға қатысу, іскерлік ойындарында тіл шеберлігімен көзге түсу қасиеттері дамиды.

Білім алушы білімін шығармашылық деңгейге көтеру үрдісінде шығармашылық жұмыстардың маңызы зор. Шығармашылық жұмыстар жүргізу тіл дамыту үрдісінің өнімді жолы болып келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана, 2003. – 32 б.
2. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы-2006 жылы, 1 наурыз. Петропавл қаласы, 2006. – 64 б.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. Астана, 2004. – 211 б.
4. Қазақстан Республикасында жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы бастауыш білім. Алматы, 2004. – 13 б.
5. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2004. -34 б.
6. Волков И.П. Творчествоға баулимыз / аударған Ф. Оразаева/М.1987.-200 б.
7. Ксензова Г.Ю. Перспективные школьные технологии. М: Наука, 2001. – 205 с.
8. Андреев В.И. Диалектика воспитания и самовоспитания творческой личности. Издательство Казанского университета. 1988. – 211 с.

АҚПАНОВА Ғ.К.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті
Практикалық қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы.

КЕНЖЕБАЕВА Д.К.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті Педагогика және
психология кафедрасының оқытушысы.

БЕЛГІБЕКОВА Ә.Б.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті Педагогика және
психология кафедрасының аға оқытушысы.

КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘН-МАҢЫЗЫ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттері – ұлттық және адамзаттық құндылықтар ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп жазылған [1, 211]. Сонымен қатар, білім беру саласындағы мемлекеттік саясат концепциясында және басқа да нормативтік құжаттарда жеке тұлғаның жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау арқылы оның шығармашылық мүмкіндігін дамытуға басты назар аударылады. Сондықтан да білім беру жүйесінің одан әрі дамуын көздеуіміз қажет.

Қазіргі білім беру саласында озық педагогикалық технологияларға баса мән беріліп отырғаны заңды нәрсе. Әлемдік білім кеңістігіне ену үрдісі негізгі мәселе болғандықтан, тәжірибеде озық деп танылған оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану және оны іске асыру мәселесі өзекті болып отыр. Жоғары оқу орындарында оқыту үрдісін түбегейлі жетілдіру қажеттілігі туындады. Бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеуде білім беру ісі маңызды орын алатыны анық. Осыған орай, кредиттік оқыту жүйесі енгізілді.

Оқытушы міндеті студентке сапалы білім, саналы тәрбие беріп қана қоймай, білім алушының өздігінен жұмыс істеуін, теориялық білімін тәжірибеде танытуға баулу болып табылады. Бұл студенттің оқытушымен бірлескен өздік жұмысы болмақ. Ал, бүгінгі таңда кредиттік оқыту жүйесінде басты талап осы мәселе төңірегінде болып отыр. Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы №1459 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытуға арналған Мемлекеттік Бағдарламаны іске

асырудың негізгі бағыттарында «Оқу үрдісін ұйымдастырудың дәстүрлі жүйесінің орнына оқытудың кредиттік жүйесі енгізіледі, ол оқытындардың өз бетінше белсенді жұмыс істеуін ынталандырады, жеке білім бағытын таңдаудың болуын, ұтқырлығын, бакалаврлардың, магистранттардың және докторанттардың академиялық еркіндігінің үлкен дәрежесін қамтамасыз етеді, білім туралы құжаттардың әлемдік білім беру кеңістігінде танылуына әсер етеді» деп атап көрсетілген [2]. Кредиттік жүйе білім беру үрдісінің демократиялығымен сипатталады. Ол әр білім алушының өрісінің өсуіне, ерекшелігі мен қабілеттерін ескеруге мүмкіндік береді. Оқытудың кредиттік жүйесі білім беру үрдісіне икемділікпен қарауға үлкен мүмкіндіктер туғызады. Кредиттік технологияның негізгі мақсаты – әлемдік стандарттар талаптарына сәйкес мамандарды дайындаудың сапасын жоғарылату, оқу үрдісін жоспарлауды икемді ету, аудиториялық және өздік жұмыстың оңтайлы қарым-қатынасын орнату. Сонымен қатар, жаңа мемлекеттік стандарттарды, оқу пәндері мазмұнының стандарты, білім беру үрдісін ұйымдастыру принциптері, кредиттің мемлекеттік білім беру стандарты нормативіне енуі, студенттердің білімін бағалау әдістері, оқуды жекелендіруді қалыптастыру. Бұл жүйе елдің дәстүрлі білімінің сақталуына ықпал етеді.

Оқытудың кредиттік технологиясы – ЖОО-ның әлемдік кеңістікке енуіне зор ықпал жасайтын шынайы жол. Кредиттік технологияны енгізу екі маңызды үрдісті жандандыруға бағытталған:

- Ұлттық білім беру жүйесін жаңа арнаға түсіру;
- Әлемдік білім беру кеңістігімен ықпалдасу.

Жоғары оқу орнының негізгі мақсаты – студентке теориялық білім беріп қана қоймай, сол білімді өз бетімен ізденіп табу қабілетін, оқу әрекетінің ғылыммен, кәсіби әрекетімен байланыстыра білу дағдысын қалыптастыру.

Студенттің өз бетімен білім алу дағдысын қалыптастыру зор міндет. Осы дағды арқылы маман өмір бойы шығармашылықпен жұмыс істейді, ізденеді, білімін толықтырады. Өздік жұмыс нәтижесінде білім алушы зор біліммен қаруланып, білік пен дағдыға ие болады, өз дүниетанымын кеңейтіп, ұғымдарды ойына түйеді. Бұл пікірден өздік жұмыстың оқу әрекетінің негізгі бөлігі екенін түсінеміз. Өздік жұмыс білім алушының көзқарасын кеңейтіп, таным белсенділігін арттырады, білім деңгейін жоғарылатады, білім алушы жұмысының мазмұндылығын арттырады. Сонымен қатар, білім алу үшін қажетті білім, дағды, іскерлікті, өз бетімен жұмыс істей алу қабілетін қалыптастырады. Ғылыми әдебиеттерде өздік жұмыс дидактикалық міндеттерді өздік орындауға, танымдылық қызметке деген қызығушылықты қалыптастыруға және белгілі ғылым саласы бойынша білімдерді толықтыруға бағытталған студенттердің оқу қызметін, логикалық ойды, шығармашылық белсенділікті, зерттеу қабілетін қамтамасыз ете, практикалық міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған. Бұл жүйе оқу материалын игеруде зерттеушілік қабілетін, логикалық ойлау жүйесі мен шығармашылық белсенділігін арттырады. Енді студенттің оқытушымен бірлескен жұмысын практикалық сабақтан қалай ажыратамыз деген сұраққа мына екі пікір жауап бола алады. А.Әлімов практикалық сабақ туралы былай дейді: «Практикалық сабақ студенттерге теориялық мәлімет бойынша нақты әрекеттер арқылы машықтанып, сол амалдар негізінде мәліметті игеру, меңгеру, терендету, дамыту мүмкіншілігін береді. Студенттер практикалық сабақта өз әрекеттерін жалқыдан (нақты мәліметтер) жалпыға (теориялық тұжырымдар) бағыттайды. Практикалық сабақта студенттер талдау және іздену жұмыстарымен айналыспайды. Практикалық сабақтың мақсаты – студенттерді лекцияда келтірілген теориялық мәліметтерді өздерінің белсенді әрекеттерімен «тануға», «дәлелдеуге», өз қолымен «жасауға» жұмылдыру». [3, 243].

Филология ғылымдарының докторы, доцент Н.Ә. Илиясова СОӨЖ сабағын ұйымдастырудың нәтижесін былайша қорытындылайды: «СОӨЖ сабағы негізінен, студенттердің белгілі бір тәжірибе, дағдылар жинақтауына, адамдармен қарым-қатынас жасап үйренуіне, өзінің және басқалардың құндылықтарын бағалай алуға арналған сабақ формасы» - дейді [3, 41]. Ал филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Н.Ермекова: «СОӨЖ оқу материалын оқытушымен бірлесе отырып өз бетінше игеруінің аудиториялық

формасы. Оқытушының міндеті студентке сапалы білім беріп қана қою емес, оны студенттің өзі игеріп, тәжірибеде қолдануға машықтана алуына қол жеткізу. Сондықтан да студент өз білімін толықтырып, жетілдіріп отыруға ұмтылуы керек. СӨЖ бен СОӨЖ тапсырмалары дәріс сабағында қамтылмаған не аз қамтылған, материалды әрі қарай тереңдете оқытуға бағытталған тақырыптарды қамтиды. СӨЖ оның оқу материалын игеруде зерттеушілік қабілетін, логикалық ойлау жүйесі мен шығармашылық белсенділігін арттыруға бағытталуы тиіс. ОКЖ оқу әдістемелік жұмыстарды қайта құруға міндеттеп отыр» деген пікірді ұстанса, филология ғылымдарының докторы, доцент Н.Ә. Ильясова: «СОӨЖ студент пен оқытушының өзара бірлесе отырып, жасаған жұмыстарының көрсеткіші. Оқытушы СОӨЖ сабақтарында орындалатын тапсырмалардың әдіснамалық негізін, идеясын, мақсатын анықтап, әр тапсырманы қалай орындау керектігіне жетекшілік жасайды» дейді [3,41].

СОӨЖ сабақтарын ұйымдастыруда студенттің жазу, сөйлеу дағдылары қалыптасады. Қазақ тілі мен әдебиеті немесе филолог маманға ең қажетті құрал да осы болмақ. Оқытушы студенттерге шығармашылық тапсырма беру арқылы тақырыптың мазмұнын ашуға, студенттердің ойын дамытуға қол жеткізеді. Бұл тапсырмалар интербелсенді әдістерді қолдану негізінде жүзеге асады.

Практикалық және СОӨЖ сабақтарында инновациялық технологияны қолдану мәселесі маңызды болмақ. Яғни, интербелсенді технологияны терең зерделеп, оларды белсенді түрде оқыту үрдісіне енгізу заман талабы демекпіз.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.А. Сатбекова білім беру сапасы жайлы ойын былайша өрбітеді: «Білім берудің сапасы түпкілікті нәтиже деп қарастырылмайды екен. Сонымен бірге, білім берудің сапасы сол нәтижеге тиімділікпен қол жеткізетін мүмкіндіктер мен әлеуеттер, сыртқы және ішкі үйлесімді күштерді дұрыс, ретпен жұмсаудың және сапалы қасиеттерді қалыптастырудың үдерісі ретінде де танылады» [4,7]. Ғалым айтқандай, алға қойған мақсатқа жету үшін оқытудың тиімді жақтарын басшылыққа алсақ, оқу үрдісін жүйемен, ретпен жұмсақ жұмысымыз нәтижелі болатыны айдан анық.

Инновациялық озық технологиялар білім алушылардың интеллектуалдық ойын дамытуға, алған білімін өздігінен қолдануға, білім алуға деген ұмтылыс пен ынтаны жоғарылатуға, студенттің танымдық көзқарасын кеңейтуге, өмірде қажетті біліммен қарулануға, өзіндік ой-пікірінің қалыптасуына, белгілі бір жағдайды бағалауға, пәндік білік пен дағдының қалыптасуына, ақпараттық технологияны игеріп, оларды түрлі мақсат пен міндеттерді шеше білуде қолдануда, пікірлерді саралауға септігі мол. Кредиттік технология негізінде оқытуда инновациялық әдістердің маңыздылығы ерекше. Зор біліммен қаруланған жан-жақты офицерді дайындаудағы басты мәселе инновациялық тәсілдерді терең сараптап, таңдап, сабақта белсенді қолдану. Білім алуды жеңілдететін әдістеме құру басты мәселе болып отыр. Әсіресе, қоғамдық ғылымдарды оқытуда интербелсенді әдістер оқытушының шеберлігі мен іскерлігін қажет етеді. Осы мәселеге орай, ғылыми тұжырымдар, ізденістер негізінде оларды сараптай келе, келесі әдістердің мән-маңызы ашылып, сабақта белсенді қолданылады.

«Тақырыптық Бәйтерек» әдісі: Жаңа тақырып бойынша жаңа сөз алынып, ол әртүрлі сөздермен қосарланып айтылады. (Мысалы, Қазақ елі және тарих. Қазақ елі және...). Жаңа тақырыптың мән-мағынасы ашылып, курсантқа бағыт-бағдар беріледі. Қосақталған сөздер жаңа тақырыпта қарастырылатын мәселелерді шешуге бағытталған.

Картография әдісі: Тапсырма график арқылы беріледі. Сол сөздердің сәйкестігін табулары жөн. Нүктелерді қосқанда бір сурет шығуы қажет. Тақырыпты бекіту үшін ұтымды әдіс. Графикте пайда болған суретке жан жақты анықтама беру тіл мәдениетін дамытуға септігін тигізеді.

«Ғылыми сөздер сыры» айдары: Әр заманның тарихи ұлы тұлғалары жайында сабақта айтылатыны заңды нәрсе, осы кезде *пассионар* сөзі қолданылады. Мағынасы ашылып, қазақ әдебиетіндегі баламасы талданады. Терминдердің мағынасы ашылады. Сабақтың ғылымилығы арттырылады.

«Өлеңмен өрілген тарих» әдісі: Өлең жолдары арқылы тарихқа шолу жасалады. Қай тарихи оқиға суреттелген деген сұраққа жауап ретінде қолдануға тиімді. Тарихты зерделеумен қатар, курсанттардың, поэзияға, сөз өнеріне, сөз құдіретіне қызығушылығы артады.

«Тарих толқынындағы ән» әдісі: Белгілі тарихи оқиғаға қатысты әндерді еске түсіріп, саралау қажет. Мысалы, ҰОС тақырыбында «Әлия» әнін саралау, мазмұнын айшықтау қажет. Ән өнеріне ықыластары танылады, бұл әдіс өнерді құрметтеуге баулиды.

Гарвард талдау әдісі: Үш негізгі элементтен тұрады: әрекет түрлеріне шолу жасау, қолжетімділік пен бақылауға шолу жасау, адамдарға бағытталған жоспар жасау. Теориялық және практикалық нәтижелерге қол жеткізуде ішкі мотивацияның болуы және тақырыптың өмірде маңыздылығына әрдайым ден қойып отырады.

Жобалау технологиясы: Зерттеу жобалары; Шығармашылық жобалар; Ойын жобалары; Қолданбалы-практикалық жобалар; Пәнаралық жобалар; Моножобалар; Ақпараттық жобалар; Рөлдік жобалар. Жобаларды ғалым А.А. Сатбекова екі үлкен топқа бөледі: *ғылыми-ізденімдік және қолданбалы-практикалық* деп бөледі. Жобаларды білім алушыларға бермес бұрын, мына мәселелер ескерілуі тиіс деп ойлаймыз: жобаның мақсат-міндеті, зерттеу жұмысының өзектілігі, құрылымы, мән-маңызы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар, қол жеткізген нәтижелер. Көптеген ғалымдар жалпы жобаның бәріне де шығармашылық пен зерттеушілік тән екендігін айтады.

Әдіс-тәсілдердің әртүрлі болуы білім алушының қызығушылығын арттырады. Зерттеулерді зерделей келе, оқыту сапасын арттыратын тәсілдерді топтастырған едік. Олар: жобалау технологиясы, портфолио, тұсаукесер (презентация), іскерлік ойындар, «тендер» ойыны, майндмэппинг, концептуалды кесте, гарвард талдау әдісі, «кімнің күні жарқын?», аңдатпа құру, «тақырыптық бәйтерек», синквейн әдісі, график толтыру, кластер құру әдісі, дорба тарату, баспалдақ әдісі.

Оқытудың дәстүрлі жүйесінде шәкіртке берілетін білім іскерлік пен дағдыны меңгерту көзделсе, оқытудың жаңа технологиясында бұған қоса, әрбір оқушының өзін-өзі дамытып, тұлғалық «мендік» танымын қалыптастыру өріс алуы міндетті. Технологиялар уақыт өткен сайын жаңарып, толығып дамып отыратыны заңдылық. Әр технологияның өзіндік қыр-сыры, өзіндік ерекшелігі бар. Оны таңдау, тәжірибеде қолдану әр оқытушының еркінде. Сабәк барысында ұтымды технологияны қолдану оқытушының шеберлігі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты. Бірнеше жыл бойы қолданылған технологияны жетілдіру басты орынға қойылуы шарт. Осыған орай, қазіргі кезде қолданылған технологиялардың белсенділері мен озық деп танылғандары саралануда. Бұл зерттеулерден айқын танылады. Ғылыми ізденістер де қарқынды түрде дамып жетілуде.

«Мұғалімнің кіндік қазығы шәкіртінің жаратылысына біткен икемдері болуы керек. Мұғалім балаларын жаңа нәрсемен, жаңа талаптармен таныстыруы қажет. Бұрынғы алған, енді жадында терілген білімдеріне сүйеніп жұмыс істейтін болады. Осы ретпен баланың көрген-білген дүниесі кеңейген сайын баланың жады неше түрлі жаңғыру, еліктегіштік қуатымен байып, бір перненің орнын екіншісі баса береді» - деген Ж.Аймауытовтың пікірі бүгінгі заманда өз мәнін жоғалтпаған [5, 127]. Бұл үшін жеке тұлғаны тәрбиелеуде, жан-жақты дамытуда, сапалы білім беруде, ғылымның соңғы жетістіктерін қолданып, шығармашылық жұмыс істеуге қабілетті, дүниетанымдық көзқарасы кең, рухани азамат дайындау мақсаты қойылғаны абзал.

Пайдаланылған әдебиет

1. ҚР «Білім туралы» Заңы. Астана, 2004. – 211б.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасы. www.akorda.kz
3. Сатбекова А.А. Ермекова Т.Н. Студент пен оқытушының бірлескен өздік жұмысын ұйымдастыру әдістемесі. – Алматы, 2012. -159 б.

4. Сатбекова А.А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі және жобалау технологиясы. Алматы, 2010. -207 б.
5. Аймауытов Ж. Психология. Алматы, 1995. -127 б.

АҚПАНОВА Ғ.К.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті
Практикалық қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы.

КЕНЖЕБАЕВА Д.К.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті
Педагогика және психология кафедрасының оқытушысы.

ДОЛОБАЕВА А.Е.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті
Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, Петропавл қ.

ДАМЫТА ОҚЫТУДЫҢ ТІЛ ДАМУЫ ҮРДІСІНДЕГІ ОРНЫ

Білім мазмұнын тереңдету, байыту – бүгінгі білім беру ісінің өзекжарды мәселелерінің бірі. Әр түрлі ғылым салаларын, яғни бауырлас, сипаттас ғылымдарды бірлікте қарастыру – жеке тұлғаның жан-жақты әрі толық білім алуы мен рухани дамуына мүмкіндік әкеледі. Пәнаралық байланыс, яғни «интеграция» дәстүрлі оқыту кезеңінде де назардан тыс қалмады.

Педагогика тарихын зерделегенде, пәнаралық байланыстың қажеттіліктен туғанын түсінуге болады.

Кейінгі педагог-ғалымдар, психологтар Эльконин [1], В.В. Давыдов [2], Б.П.Ананьев [3], де пәнаралық байланыстың теориялық мәселесімен қоса, оның білімді тереңдетіп берудегі орны мен маңызына тоқталады.

Ғалымдар пәнаралық байланысты ең алдымен пән ішінен іздестіруді айтады. Пәнаралық байланыстағы тұтастықпен қоса жүйелілікті сөз етеді.

М.А. Данилов пен Б.Л. Есипов сынды ғалымдар пәнаралық байланыстағы білім алушылардың дайындығы, олардың белсенділіктері, осы іс-әрекетті ұйымдастырудағы ұстаздарның орнына тоқталды.

Оқыту үрдісінде пәнаралық байланыс оның маңызы туралы Я.А. Коменский, Ф.А. Дистерверг, И.Ф. Гербарт, И.Г. Пестолоци, К.Д. Ушинский сияқты ірі педагогтар өз кезінде жазған болатын. Ал біздің заманымыздың 60-70-ші жылдарынан бастап осы мәселеге ерекше көңіл бөлінді. Ғалым– педагогтар пәнаралық байланыстың, біріншіден, білім алушылардың таным-белсендігін арттыратынын, екіншіден, дүниетанымын, көзқарасын қалыптастыратынын, үшіншіден, терең де тиянақты білімімен қаруландыратынын дәлелдеді.

Қазақ тілі мен әдебиетін бірлікте қарау, олардың тек дұрыс сөйлеуі, тіл нормаларын меңгеруі ғана емес, ойларын көркем де жатық жеткізе білуінің ең басты жолы болып табылады.

Пәндерді біріктіріп, солардың аясында терең білім беру туралы ұлы ғалым-педагог Ы.Алтынсарин да кезінде келелі пікір білдірген. Ғалым қазақ балаларына орыстың тілі мен жазуын жете меңгеруді үйрету керек қой дей отырып, мынадай келелі ой тастайды: «Тарих, география сияқты пәндердің бәрін оқыту жұмысы осы жоғарыда айтылып отырған басты міндетке байланыстыра қойылып отыр; бұл пәндер түсініп оқуды, оқығандарын ауызекі айтып шығуды, ал кейін (кейде) жазба түрде баяндауды талап етеді, сондықтан білім алушылардың осы пәндер жөніндегі білімдерін көбейтумен қатар, олардың орысша түсінісе білуіне және сөзбен түсіндірілгендерін, ойларын жазып бере білуіне айтарлықтай көмектеседі» [4, 288]. Ұлы педагог тілді үйрету үшін қазақ тілін негізге ала отырып, барлық

гуманитарлық пәндерді байланыста, бірлікте қарастыру керектігін көрсетеді. Ы.Алтынсарин орыс тілін үйрету үшін ертегілер, әңгіме, мысалдардың мәтінін кеңірек пайдаланған. Бұдан шығатын қорытынды: педагог тіл сабақтарын әдебиетпен байланыстыра өткізудің маңызын сол кездің өзінде-ақ айқын дәлелдеген.

Біздің заманымыздағы пәнаралық байланыс айналасындағы педагог-ғалымдар мен тәжірибелі ұстаздар қауымының ұзақ жылдардағы ізденісін талап етті. Ғалымдар мына мәселелерге ерекше көңіл бөледі:

- пәнаралық байланыс айналасындағы тәжірибелі ұстаздар ізденісін кеңінен қолдау;
- ұстаздар білімін көтеру институттарында пәнаралық байланысқа ерекше көңіл бөле отырып, олардың осы мәселедегі білімін жан-жақты жетілдіру;
- оқулықтар мен оқу бағдарламаларында, оқу құралдарында пәнаралық байланыс мәселесіне ерекше көңіл бөлу, толықтыру, өңдеу.

Пәнаралық байланысқа осылай маңыз беру заман ағымы, заман талабынан туындаған. Елдегі ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогрестің өркендеуі, кең қанат жаюы ғылым салаларынан бірліктегі, тұтастықтағы ізденісін талап етті. Бұл мәселелер білім беру ісіне де игі ықпалын тигізіп, пәнаралық байланыс үрдісіне көңіл аудартты.

Білім мен тәрбие ісі – қай қоғамның болмасын ең маңызды мәселесі. Еліміздің Тәуелсіздікке қол жетіп, тілінің мемлекеттік статус алуы, түбірлі өзгерістер білім мен тәрбие ісіне де реформалар жасау керектігін күн тәртібіне енгізді. Сондай-ақ, осы игі істермен қоса жаһандану проблемасы келді. Жаһанданудың тиімді жақтарымен бірге, әсіресе тіл мәселесіндегі қаупі де күннен-күнге айқындалып келеді. Қазірдің өзінде орыс тілімен қоса, әсіресе ағылшын тілінің қанатын кең жая бастауы онсыз да қолдану аясы тарылып тұрған тілімізге зор қаупін әкеліп отыр. Қазақ тілі мен әдебиетін бірлікте қарап, яғни, пәнаралық байланыс арқылы берілетін білімнің салмағын арттыру тілімізді осы жаһандану алапатынан сақтатудың бірден-бір жолы деуге болады. Бұл өзекті мәселелер қазіргі білім беру үрдісіндегі пәнаралық байланыстың маңызын ешбір күмәнсіз дәлелдейді.

Пәнаралық байланысты дидактикалық принцип ретінде қарастырған жөн. Себебі, ең алдымен, ол білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерге тікелей байланысты. Оны тиімді, нәтижелі түрде тәжірибеде жүзеге асыру ұстаздар іскерлігін талап етеді. Ол мына мәселелерді ұстаным етеді:

- оқу материалындағы үндес, сәйкес келетін тақырыптарды деректерді дәл тауып, оларды үйлестіре отырып, тәжірибеге пайдаланудың инновациялық технологиясынан іздену;
- білім алушылардың бұрынғы білімдерін жаңа білімді игеру мақсатында тиімді пайдалана білу дағдыларын жүйелі түрде жетілдіру;
- білім алушылардың өзіндік дербес ізденістерін ұйымдастыра білу. Олардың оқу материалынан үндес, сәйкес ұғымдарды тауып, өз беттерімен салыстыру, қорытынды жасау, жинақтау, тұжырымдар жасау қабілеттерін дамыту;
- білім алушы-субъектінің когнитивтік іс-әрекетіне ерекше көңіл бөлу;
- білім алушылардың пәнаралық байланыс арқылы терең де толық білім алуына жағдай жасай отырып, олардың ол білімді шығармашылық жолмен тәжірибеге пайдалана білу іскерлігін де жетілдіру.

Пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық жұмыстар арқылы тіл дамыту–шығармашылық өнерпаздықты талап ететін үрдіс. Үйреншікті жаттығулар, сұрақ-жауаптар, ескірген жазба жұмыстары, репродуктивті тәсілдер өнімді нәтиже бермейді. Тіл дамытудың тың технологиясынан іздену, сол арқылы өнімді нәтижеге қол жеткізу қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың бүгінгі таңдағы ең басты міндеттерінің бірі болып табылады. Осыған байланысты пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық жұмыстар арқылы тіл дамыту үрдісінің алдында тұрған төмендегідей өзекжарды мәселелерді көрсетуге болады:

1. Тіл дамыту жұмыстарын жеке тұлғаға қарай бағыттап жүргізудің тың, инновациялық технологиясынан іздену.

2. Оқытудың өнімді түрлерін саралай отырып, соның негізінде тіл дамытудың тиімді жолдарын анықтау әдістемесін жетілдіру.

3. Белгілі бір сыныптағы қазақ тілі мен әдебиетінен өтілетін тақырыптарды бірлікте ала отырып, пәнаралық байланысқа негізделген шығармалық жұмыстар жүйесін жасау, технологиясы мен өнімді әдіс-тәсілдерін ұсыну.

4. Шығармашылық бағыттағы тіл дамыту жұмыстары арқылы рухани бай жеке тұлға қалыптастыру, тәрбие беру үрдістерінің инновациялық технологиясынан іздену.

Дамыта оқытудың пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық жұмыстар арқылы тіл дамыту үрдісіндегі орны, маңызы ерекше. Дамыта оқыту – дәстүрлі оқытуға мүлдем қарама-қарсы альтернативті оқыту түрі. Дәстүрлі оқытудың басты мақсаты білім беру, білім алушылардың іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру болса, дамыта оқыту білімде де, тәрбиені де жеке тұлғаға бағыттай отырып, оны жан-жақты дамытуды мақсат етеді. Дамыта оқыту білім алушыны субъект ретінде қарастырады.

Дамыта оқытудың негізін салушылардың басында тұрған В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконийлер оның ерекше тиімділігін баланың білімді өз бетімен алуы, оның ізгілік бағыты, ісәрекеттегі шығармашылық, өнерпаздықпен түсіндіреді. Дамыта оқыту жеке тұлғаның ойлауын, танымын, есте сақтау қабілетін, эмоциясын, сезімін, жан-дүниесін, тілін, ерік-қайраты, мінезін, дарынын дамытуға бағытталады. Ойлаудың өзін ғалымдар өнімді-өнімсіз, шығармашылық және шығармашылық емес деп бөледі. Ал дамыта оқыту тұлғаның шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Оқытудың бұл түрі білім алушылардың теориялық ойлау қабілеттерін дамытуды негізгі мақсаты етеді. Ал енді теориялық ойлау – білім алушының бір нәрсе, құбылыс туралы, олардың жаратылысы, мән-мағынасы, қасиеттері туралы зерттеулерінің сөз арқылы көрініс табатын іс-әрекеті. Теориялық ойлау диалогиялық әңгіме, пікірталас арқылы қалыптасады, сол арқылы жарыққа шығады. Құбылыс, зат туралы таным үлкен ақыл-ой еңбегін қажет етеді. Сондықтан да дамыта оқыту ең алдымен білім алушылардың санасын, ойлау іс-әрекеттерін дамытуды көздейді. Пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық жұмыстардағы дамыта оқытудың ерекшелігін, дәстүрлі оқыту түрлерімен салыстыра отырып, төмендегідей саралауға болады:

- білім ғана емес, білім алушылардың абстрактілі ойлау іс-әрекеттері, ғылыми танымы, тұлғалық қасиеттерін дамытудың алдыңғы кезекте тұруы;

- оқу үрдісінің тікелей тұлғаға бағытталуы. Білім алушы субъектінің, білімді өз ізденісі, жетістіктері арқылы алуы;

- сабақтың барлық кезеңдерінде ол – белсенді тұлға (зерттеуші), өнім беруші, өз іс-әрекетін талдаушы;

- ұстаздар – әр баланың танымдық түйсігін оята отырып, оларды даму аймағына кіргізуші;

- дамыта оқытуға негізделген сабақ, ұжымдық ойлау іс-әрекеті, диалог, пікірталас, іскерлік қарым-қатынастармен ерекшеленеді. Ұстаздар білім алушыларға дайын біліммен емес, проблемалық сұрақпен келеді, берілетін білім проблемалық баяндау негізінде болады. Оны шешу, мақсатқа жету білім алушының өз іс-әрекеті арқылы жүреді. Оған жетудің әдіс-тәсілдері, жолдарын өзі табады. Модель, жоба жасау, оны қорғау – дамыта оқытудағы басты әдіс-тәсіл. Дамыта оқыту білім алушылардың шығармашылық ойлауын дамытады. Ал шығармашылық ойлау шығармашылық табыстарға жетудің кепілі. Шығармашылық ойлаудың басты белгілері төмендегідей:

- бұрын ешкім ашпаған, қол жетпеген беймәлім нәрсені ашу, оған қол жеткізу;

- нәтижеге жетудің әр түрлі жолдарын іздеу;

- нәтижеге әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы жету;

- ешкімнің жетелеуінсіз өз беттерімен іс-әрекет жасау.

Дамыта оқытуды негізге алған пәнаралық байланыстағы шығармашылық жұмыстарда білім алушы – ұстаздар іс-әрекеті төмендегідей болып келеді. Ол дәстүрлі оқытудағы ұстаздар-білім алушы қарым-қатынастарынан мүлдем бөлек.

ілім алушы іс-әрекеті: Проблеманы шешуші. Өнім жасаушы.

Әдіс-тәсілдер, әр түрлі жолдар іздеуші, табушы. Өз өнімін ортаға салушы, ұыммен қарым-қатынасқа түсуші. (жоба, модель, ереже, сұрақтар, дайындаушы). Өз еңбегін өзі саралаушы, қорытындылаушы.

Ұстаздар іс-әрекеті: Білім алушыларды дербес таным іс-әрекетіне кіргізуші, оған түрткі жасаушы. Тапсырмалар, сұрақтар әзірлеуші. Ақылшы, көмек беруші, бірлесіп іздеуші, керегінде олармен пікірталасына диалогиялық әңгімеге кіруші. Психологиялық жағымды ахуал, жағдай туғызушы. Білім алушылардың ізденісін қолдаушы, мақұлдаушы.

Дамыта оқыту жаттанды іс-әрекеттерге сүйенбейді, білім алушының жеке басын дамыту, білімді өз ізденістері арқылы алуды қамтамасыз етеді. Шығармашылық еңбекке кең жол ашады. Ол білім алушының шығармашылық ойлауына, ізденісіне, іс-әрекетіне түрткі жасайды, оны дәстүрлі оқытудағы өнімсіз еңбектен босатады. Оны зерттеуші, ізденуші биігіне көтереді.

Оқытудың бұл түрінде сұрақтар, тапсырмалар жүйесі де басқа сипатта болады, яғни өз беттерімен орындалатын шығармашылық тапсырмаларға ерекше назар аударылады.

Қорыта келгенде, дамыта оқытудың пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық жұмыстарды жүргізудегі ең басты тиімділігін төмендегідей көрсетуге болады:

- білім алушылардың дербес ізденісіне, білімді өз бетімен алуына пәрменді ықпалы;
- білім алушылардың шығармашылық ойлауын жетілдіруі;
- олардың қабілеті, дарынын, шығармашылық бейімін дамытуға түрткі жасауы;
- шығармашылық тұлға қалыптастыруға әсері, жеке бас ерекшеліктерін жан-жақты дамытуы;

- білім алушылардың өзін-өзі тануы;
- ғылыми ізденіске, ғылыми еңбекке баулуы.

Ұжымдық оқыту білімді жеке тұлғаға қарай бағыттап беру технологиясына жатады. Оны кейде «ұйымдастырылған диалог», «ұжымдық оқыту» деп те атайды.

Ұжымдық оқыту тәсілдерінің басты белгілері, әр баланың қабілеті, дарынын дамыту, ұжымдағы әрбір мүшені оқыту және әркімге ортақ жұмыстағы бір-біріне көмегі, ынтымақтастық болып табылады. Ұжымдық оқыту тәсілдерінде ұстаздар мен білім алушының іс-әрекеті алмасып келіп отырады. Ұстаздардың іс-әрекеті, қызметін ұжым атқарады, яғни жаңа білімді меңгерту, тапсырмаларды орындауда, бір-бірінің жұмыстарын саралау, бағалауда, талдауда өздері жетекшілік етеді. Ұстаздар ұйымдастырушы, ақыл-кеңесші қызметін атқарады.

Бұл оқытудың ұзақ жылдар бойы тәжірибеден қалмай, өзінің тиімділігін әр кезеңде де дәлелдеп келе жатқан себебі мынадай басты-басты ерекшелігінде жатыр:

- жүйелі түрде қайталанып отырылатын жаттығулар, жұмыс түрлері арқылы білім алушылардың логикалық ойлауы жетіледі, тілі дамиды;
- сөйлеу үрдісінде есте сақтау қабілеті, зейіні дамиды, бұрынғы білім мен тәжірибесі, икем дағдысы кеңейе түседі, үнемі жаңғырып отырады;
- әркім өзін еркін ұстайды, дербес жұмыс істеуге, өз бетімен қорытынды жасауға дағдыланады;
- тек жеке басы үшін емес, ұжым алдындағы жауапкершілігі, іскерлігі артады;
- өзін-өзі бағалау, өз-өзіне үңілу, өз мүмкіндігімен қабілетін саралау, жетістігі мен кемшілігіне көз жеткізу іс-әрекеті дамиды;
- өзін-өзі оқыту, бір-бірін оқыту үрдісі жүреді;
- ауысып келіп отыратын қатары, жұбы арқылы бір мәселе айналасында бүкіл ұжыммен жұмыс істеуге, оны талқылауға мүмкіндік туады.

Осылардың нәтижесінде білік пен дағды беки түседі, тиянақты білім қамтамасыз етіледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. Возрастные и индивидуальные особенности младших подростков. Под ред Д.Б., Эльконина Т.В., Драгуновой.- Москва, 1985.-111 с.
2. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. М: Педагогика, 1986.-183 с.
3. Ананьев Б.П. Избранные психологические труды/Под ред. А.А.Бодалева. М: Педагогика, 1980.-271 с.
4. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. А.: Ғылым, 1995. – 413 б.

АКШОЛАКОВ Е.Д.

доцент 3 специальной кафедры 2 факультета Академии Пограничной службы
Комитета национальной безопасности Республики Казахстан,
кандидат психологических наук, ассоциированный профессор (доцент), г. Алматы.

ВОЕННЫЕ, СПЕЦИАЛЬНЫЕ УЧЕБНЫЕ ЗАВЕДЕНИЯ. ОСОБЕННОСТИ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ И МАГИСТРАНТОВ

В статье раскрыты особенности взрослых обучаемых, поведение обучаемых в образовательном процессе, взаимодействия преподавателей с обучаемыми. Раскрыты специфика военных, специальных учебных заведений. Предложены рекомендации для решения вопросов взаимодействия преподавателя и магистрантов.

Ключевые слова: особенности взрослых обучаемых, взаимодействие преподавателя и магистрантов, специфичность обучения в военных специальных учебных заведениях.

В повседневной жизни взаимоотношения между людьми принимают конкретные материализованные формы: симпатии и антипатии, совместимость и конфликтность, взаимные тяготения и отвержения. Это характеризует и влияет на сложившиеся межличностные отношения, становясь одним из аспектов успешной педагогической деятельности.

Изучение взаимодействия преподавателя и обучаемых является одной из актуальнейших проблем послевузовского образования. Процесс психологического взаимодействия – это целенаправленный взаимообмен и взаимообогащение смыслом деятельности, опытом, эмоциями, установками, различными позициями, непосредственная организация совместных действий.

Анализ работ Н.Ж. Асыллова [1], Н.Н. Васягиной [2], Т.Г. Мальгаждаровой [3], Ю.Н. Кулюткина [4], Н.В. Кузьминой [5], Н.М. Кудро [6], А.И. Кукуева [7] и др. ученых показал, что имеется множество работ, посвященных вопросу подготовки обучаемых в школах и высших учебных заведениях, где раскрыты проблемы взаимодействия преподавателей с обучаемыми. Труды ученых в основном посвящены педагогической деятельности учителя общеобразовательной школы и преподавателя вуза, где рассматриваются взаимодействия учителей и учащихся, преподавателей и студентов. Изучение взаимодействия преподавателя и магистрантов военных, специальных учебных заведениях (далее -*ВСУЗ*) не привлекала внимание исследователей. Что потребовало специального изучения трудов посвященных взаимоотношению педагогов и взрослых обучаемых, как важной составляющей целостного педагогического процесса послевузовского образования. Процесс учебной деятельности

ВСУЗа имеет свои особенности и содержания, которые влияют на профессиональную деятельность преподавателя, становление личности магистрантов.

Исследовать особенности поведения взрослых обучаемых в и специфику обучения взрослых. Изучить организацию процесса обучения взрослых обучаемых в ходе педагогической деятельности в *ВСУЗе*. Анализ работ раскрывающих структуру и специфичность учебно-педагогического процесса в военных учебных заведениях. Раскрыть организацию процесс обучения взрослых обучаемых в ходе педагогической деятельности. Изучались структура и специфичность педагогической деятельности в военных учебных заведениях. Раскрыть особенности взаимодействия преподавателя и магистрантов. Выявить психоло-педагогические особенности магистрантов. Сформулировать рекомендации для улучшения взаимодействия педагогов и магистрантов в ходе педагогического процесса *ВСУЗа*.

На основе изучения, анализа, обобщения исследовании ученых рассматривается особенности взаимодействия преподавателей и взрослых обучаемых.

Общество и наука неотделимы в современном мире образования. На основе изучения, осмысления знаний, накопленных человечеством, готовятся высокопрофессиональные кадры. Президент Республики Казахстан Токаев К., выступая перед педагогами страны в августовской конференции 2019 года, сказал: «Задача педагогов - воспитание достойных граждан нашей страны. Достойный гражданин – это человек, обладающий суммой необходимых знаний, которые будут использованы на благо нашего Отечества» [8].

Особенности поведения взрослых обучаемых разносторонне раскрыты в андрагогике. Она исследует динамику и ведущие факторы развития психических процессов и свойств личности взрослых обучаемых. Исследования М.Ш. Ноулза [9], В.А. Слостенина [10], И.А. Колесниковой [11] и др. посвящены обучению взрослого человека в ходе учебно-педагогической деятельности. М.Ш. Ноулз в статье «Андрагогика, не педагогика» изложил свое понимание обучения взрослых. В центре внимания автора находится заключение, что в обучении взрослых необходимо опираться на достижения психологии, развивающей психологии, социологии и социальной психологии, философии [8, с. 57-64]. Н.Ж. Асыллов в своем труде раскрывает имеющиеся основные проблемы в совершенствовании системы подготовки военных кадров высшей квалификации на современном этапе [1, с. 11-13]. По мнению Васягиной Н.Н., взрослый человек в учебно-педагогической деятельности сохраняет и развивает творческий потенциал, который позволяет адаптироваться к меняющимся условиям и вносит вклад в созидание нового [2, с. 10-11]. В своей работе Кулюткин Ю.Н. подтверждает закономерность, согласно которой чем выше уровень образования, тем в большей степени личность стремится к его повышению, в свою очередь, чем выше уровень знаний и культуры, тем больше будет потребность человека в образовании [4, с. 22]. Исследователь Колесникова И.А., предлагая рекомендации по обучению взрослых, раскрывает, что непрерывное образование человека, является более широким понятием, чем простое включение взрослых в учебную деятельность [11, с. 29].

Обобщение исследований вышеуказанных авторов об особенностях поведения и специфики обучения взрослых определило необходимость исследования особенностей взаимодействия педагогов и магистрантов во *ВСУЗе*. Взаимодействие педагога и обучаемого представляет собой систематическое, постоянное осуществление действий, имеющих целью вызвать соответствующую реакцию. Во взаимодействии реализуется отношение преподавателей к обучаемым как к субъекту, у которых есть свой собственный мир, мысли, идеи, образы, и свое сознание, влияние на цели и потребности, оценки своего визави, его эмоционального состояния в ходе учебного процесса.

В научных трудах Н.В. Лебедева [12], М. Махлина [13], А.Б. Исмаилова [14] и др. рассматриваются организация процесса обучения взрослых обучаемых в ходе педагогической деятельности, которая включает в себе большое количество сложных аспектов. В теории, разработанной М. Ноулзом, дается описание отличия в обучении взрослых от детей, где выделяются следующие аспекты: потребность в знаниях; мотивация; желание; фундамент

или опыт; самостоятельность; отношение к учебе [9, с. 118]. При организации профессионального обучения Н.В. Лебедева советует учитывать следующие особенности в обучении взрослых: осознанность к процессу обучения; потребность к самостоятельности; применение полученных знаний, умений и навыков в практической деятельности; присутствие жизненного опыта, как ключевого источника обучения; воздействие на образовательный процесс через профессиональные, социальные условия [12, с. 12-17]. Раскрывая обучение взрослых, исследователь М. Махлин выделил следующие характеристики: осознание себя самостоятельной и самоуправляемой личностью в обучении; учебно-педагогический процесс обусловлен временными, профессиональными и социальными условиями; мотивация для решения жизненных и профессиональных проблем, получение опыта, полезности, заинтересованности; осмысление получаемых знаний в процессе обучения; источником обучения выступают имеющиеся жизненный и практический опыт; личная заинтересованность в получении знаний; стремление к реализации полученных знаний и умений; надобность в широкой самостоятельности; наличие прошлого опыта в обучении [13, с. 14-17].

Исходя из анализа работ вышеуказанных авторов, можно отметить, что составляющими учебно-педагогического процесса взрослых обучаемых, выступают активность, осознанность, мотивация, целенаправленность и др. Учитывая приведенные исследователями особенности обучения взрослых педагогам необходимо осознавать и корректировать свое поведение при обучении магистрантов в *ВСУЗх* имеющих свою специфику.

Специфичность и особенности учебно-педагогического процесса в военных учебных заведениях рассмотрены Н.Ж. Асылывым [1, с. 12-15], А.Б. Исмаиловым [14, с. 84-87], В.А. Шадриним [15], Д.Е. Матвеевым, В.А. Беловоловым, А.И. Жданок [16] и др. Исследователями уточнены специфика образовательного процесса в *ВСУЗах*, которая имеет определенную структуру и содержание. Характерными особенностями учебного процесса и спецификой военных учебных заведений выступают:

- образовательная деятельность *ВСУЗа* утверждается Министерством образования и науки Республики Казахстан;
Кез келген оқыту жүйесінің тиімділігі, оқыту үдерісінің психологиялық заңдылықтарына сүйенгенде ғана артады. Осындай жағдайда ғана оқыту және тәрбиелеу жүйесінің психологиялық-педагогикалық жаңа құрылымын жасауға мүмкіндік болады. Яғни ол дегеніміз, ең алдымен, ішкі мотивацияны туғызатын, оятатын, ал оны қалыптастыру оқуға деген қызығушылыққа жұмылдыратын, оқыту әдістері арқылы оқуға қатынасын анықтайтын әрекет. Олай болса, оқу құралдарының оқу-әдістемелік кешені негізінен барлық оқытуға тән: мақсат-мазмұн, әдістер мен оқыту құралдарынан түзіледі. Білім беру саласында жасалынған болжамдар бірден-бір маңызды және аталған проблеманы жетілдіруде шешуші болып табылатын оқу үдерісін біртұтас және сапалы қамтамасыз ететін, оқыту құралдарының оқу-әдістемелік кешенін түзуді алдыңғы қатарға ұсынып отыр.

Қазіргі таңда, тәжірибе барысы көрсетіп отырғандай, жоғары оқу орындарында оқыту үдерісінде, оқыту технологиясында маманның, әсіресе, оқытушының болашақ кәсібіне бағытталған оқыту қолға алынбай келеді. Оқытуды интеграциялау мен дифференциялау арасында осы бағытта қарама-қайшылық орын алып отыр. Осының салдарынан оқыту барысында әртүрлі оқыту технологиялары орын алып отыр.

Білім алу, оны меңгеру іс-әрекеттен тұратынын ескерсек, онда, оқу жоспарындағы барлық пәндерді оқыту барысында оларды кәсібилендіру қажеттілігі туындайды. Ал, бұл өз кезегінде тыңдаушылардан, әрбір оқытылатын пәндер бойынша олардың өз бетінше жұмыс істеу қабілетін және оны басқаруды талап етеді. Осыған байланысты оқыту үдерісінде оқытудың бірыңғай технологиясын ұйымдастыру мәселесін қолға алу қажеттілігі туындап отыр. Мұндай оқыту технологиясын жасаудың әдіснамалық базасы болып оқытуды жобалаудың жүйелілік және кешендік бағыты орын алады. Өйткені, оқыту үдерісінде

аталынған бағыттар тек педагогикалық зерттеу мәселелерінде ғана емес, оқу-тәрбие үдерістерін ұйымдастыруда да қолданыс тауып жүргені мәлім.

Сондықтанда, оқыту үдерісіне жүйе ретінде талдау жасауда оған оның тұтастығы тұрғысынан қарадық. Яғни, тұтастылық ұғымы – біздің жағдайымызда жүйенің, барлық білім алушыларда жоғары деңгейдегі дайындықты қамтамасыз ететін жалпы қасиеті болып саналады. Мұнда, басты назар аударарлық мәселе, жүйенің тұтастығын қамтамасыз ететін, олардың өзара байланысқан, ұйымдастырылған және ретке келтірілген жүйе элементтерінде болып отыр. Өйткені, ұйымдастырылғандық - жүйенің элементтері арасында және оның басқада ортамен байланысын басқару, реттеуімен сипатталса, тәртіпке келтірілу, жүйедегі маңызды байланыстардың кездейсоқ байланыстардан жоғары екендігі арқылы сипатталды. Жоғарыдағы айтылғандар негізінде, оқыту үдерісін ұйымдастырудың әдіснамалық қорытындысы ретінде – жоғары арнаулы оқу орындарында оқытудың бірыңғай технологиясын жасау, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруды дамытудың объективті заңдылығы ретінде орын алуында болады.

Оқыту үдерісін жүйелілік бағытта қарастыру, оқытушы мен тыңдаушылар іс-әрекеттерінің екі жақтылы сипат алуымен, ал, олардың арасындағы іс-әрекет білім беруші мен білім алушылардың, талқыға салынатын пән ретіндегі, өзара әрекеттестігі болып табылады. Осылайша, оқытушы мен тыңдаушылар арасындағы күрделі өзара қарым-қатынастар мен олардың байланысы, оқытудың жүйелі ұйымдастырылған құралдары, әдістері мен формалары арқылы жүзеге асырылады[4, 5].

Қорыта айтқанда, оқыту үдерісі – басқарылуы бірыңғай болып келетін, оқыту мақсатына қызмет ететін және өзара кешенді байланысқан оқыту компоненттері жиынтығынан тұрады - деп қарастыруға болады. Басқаша айтқанда, білімді меңгеруді басқарудың психологиялық, педагогикалық табиғаттарына байланысты оқыту үдерісінде оны басқаруға бағытталған оқытудың бірыңғай технологиясын түзу қажеттілігі орын алды.

Оқытудың бірыңғай технологиясын – оқыту компоненттерінің жеке, өздеріне ғана тән емес, олардың сыртқы және ішкі байланыстарын дамыту барысындағы жүйенің ұйымдастырылған және тәртіпке келтірілген, нәтижесінде жаңа, жинақтылық қасиетке ие болатын, қашықтықтан оқыту үдерісінде пәннің жалпылама және жекеше компоненттерін тұтастай қабылдауға мүмкіндік беретін оқыту технологиясы деп түсіну қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиясы.– Алматы, 2000. – 90б.
2. Джакупов С.М. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения. – Алматы:Қазақ университеті, 2002.–114с.
3. Қуанбаева Б.О. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық шарттары. Пед.ғыл. канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Алматы. 2004. – 142б.
4. Болатбаева А.А., Таубаева Ш., Садвакасова З.М. Білім беру ұйымдарындағы стратегиялық менеджмент: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 148 б.
5. Есекешова М., Сағалиева Ж., Педагогика высшей школы: Учебное пособие. М.: Фолиант, 2018. – 256 с.

ПРОСВИРКИНА И.А.

преподаватель кафедры общеобразовательных дисциплин Военного института
Национальной гвардии Республики Казахстан, г. Петропавловск.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КЕЙС-ТЕХНОЛОГИИ В ПРОЦЕССЕ ПРЕПОДАВАНИЯ ДИСЦИПЛИНЫ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ВОЕННЫХ ВУЗАХ

Инновационные методы обучения, ставшие в современном образовании наиболее значимыми, базируются на компетентностном подходе и нацелены на деятельность, которую получит обучаемый. Технология кейс-стади предполагает взаимодействие курсантов, преподавателя и курсантов.

Проблема повышения компетентности выпускников военного вуза напрямую связана с вопросом повышения уровня образования. Одним из основных направлений повышения качества учебного процесса является использование инновационных методов обучения профессорско-преподавательским составом учебного заведения. Данное положение находит отражение в руководящих приказах по организации и осуществлению учебного процесса в военном вузе, где указано, что учебные занятия проводятся в интерактивной форме и с использованием инновационных технологий обучения, новейших достижений науки, техники, технологий, информационных систем [1, с. 72-77].

На профессиональную некомпетентность выпускников в будущем определенный отпечаток накладывает жизнедеятельность курсанта в период обучения, которая не предполагает проявления самостоятельности и принятие решений: казарменный образ жизни, четкий распорядок дня, готовые материальные ресурсы, полное подчинение старшим командирам ограничивает любую жизненную инициативу. Даже будучи активной личностью, курсант часто не имеет ни моральной, ни физической возможности ее проявить.

Раскрывать личностные качества можно на занятиях при помощи правильно подобранных технологий преподавания, например, создавая определенные проблемные ситуации или вовлекая курсантов в учебную игру. Метод кейс-стади может быть назван методом анализа конкретных ситуаций. Анализ ситуаций изначально использовался при обучении управленцев в первую очередь как метод обучения принятию решений. Цель обучения с помощью кейсов заключается в формировании военного специалиста, который правильно анализирует ситуацию, симптомы, проблемы, выявляет возможные причины проявления, устанавливает истинную причину, анализирует возможные варианты решения, выбирает наиболее оптимальный из них, приводит его в действие и параллельно осуществляет контроль.

На занятиях по информационно-коммуникационным технологиям кейс выступает и как объект изучения и как средство обучения. Внедрение этого метода в ИКТ позволяет практическую реализацию компетентностного подхода. Основное преимущество кейса – это хорошее сочетание теории и практики. Наиболее эффективно использовать этот метод в сочетании с деловой игрой, так как кейс учит стратегии поведения, а деловая игра тренирует навыки тактики поведения.

В кейсе описывается конкретная ситуация, которая отражает не только определенную практическую проблему, но и актуализирует комплекс знаний и компетенций, которые ему необходимо усвоить и сформировать в процессе разрешения данной проблемы.

В соответствии с вышеуказанным положением можно определить следующие образовательные цели метода кейсов в учебном процессе. Курсант должен:

1. научиться принимать конкретные решения по материалам кейса и применять свои знания в конкретных ситуациях;
2. продемонстрировать способность мыслить логически, ясно и последовательно, а также понимать смысл исходных данных и предположений;

3. уметь представлять результаты своего анализа убедительно и обоснованно;
4. видеть очевидное и выделять существенное, то, что имеет отношение к основным вопросам кейса;
5. уметь в своем анализе выходить за рамки конкретных ситуаций и проявлять широкую компетентность.

Вопросы к кейсу можно разделить на обучающие – направленные на закрепление полученных знаний и умений и проблемные – направленные на развитие мышления, в том числе творческого.

Кейс характеризуется следующими признаками:

- наличие конкретной ситуации;
- разработка группой (подгруппами или индивидуально) вариантов решения ситуаций;
- публичная защита разработанных вариантов разрешения ситуаций с последующим оппонированием;
- подведение итогов и оценка результатов занятия.

Вместе с тем существуют определенные критерии составления такого метода, как кейс:

1. Источник. Источником для материала кейса являются военнослужащие, вовлеченные в ситуацию, требующие принятия решений.

2. Процесс отбора информации. При отборе информации для кейса на первое место всегда ставятся учебные цели. При этом содержание ситуации должно быть весьма реальным, способным вызвать неподдельный интерес.

3. Содержание. Кейс должен содержать дозированную информацию, которая позволила бы курсанту быстро войти в суть проблемы, иметь все необходимые для решения данные, но в то же время он не должен быть перегружен информацией.

4. Проверка. Одна из форм проверки – выяснение реакции курсантов на кейс в группах, где он уже был проведен или в новой группе, непосредственно в ходе занятия.

5. Устаревание. Материалы кейса постепенно устаревают, поскольку изменяющиеся ситуации требуют новых подходов, поэтому их надо постоянно обновлять.

6. Модернизация работы с кейсом. Для того, чтобы максимально вовлечь курсантов в процесс анализа ситуации и принятия решений, каждая подгруппа должна состоять из 3-5 человек и выбрать себе модератора. На нем лежит ответственность за организацию работы подгруппы, распределение вопросов между ее участниками и принимаемые решения [2].

Другие подгруппы слушают и оценивают доклад модератора, а преподаватель подводит общие итоги занятия.

Подгруппы могут работать в течение всех занятий только по своей тематике или все группы одновременно работают над одним и тем же разделом кейса, конкурируя между собой в поиске лучшего решения.

Важно отметить, что ключевым моментом в успешности обучения методом кейсов является работа модератора. Он стремится к тому, чтобы курсанты научились работать в одной команде и быстро принимать решения в условиях ограниченного времени и дефицита информации. В его обязанности входит организация открытого обмена мнениями и создание условий для реализации возможностей каждого участника действовать в качестве эксперта, аналитика или экспериментатора. Он фиксирует все идеи, высказанные в ходе обсуждения; не допускает их критики; группирует высказывания или мнения о высказанных идеях; регулирует поток высказываний.

Следовательно, процесс сбора необходимой реальной информации для написания кейса весьма сложен, трудоемок и требует больших временных затрат, а также высокой военно-профессиональной компетентности и методической подготовленности со стороны педагога военного вуза.

Также важной проблемой является поиск эффективных источников информации, в частности, интервью с носителем информации, статьи в печати, интернет-разговоры с

аналитиками, работы курсантов. Основное требование к информации — это ее достаточность для решения поставленной задачи, но не перенасыщение ненужными фактами.

И, наконец, особенность разработки кейса заключается в жестком структурировании информации, нацеленности при сборе материала на конкретный результат: формулировки проблемы и ее решение.

Таким образом, можно сформулировать систему требований к кейсам, обеспечивающим хороший обучающий эффект: кейс

- как и все хорошие рассказы должны иметь фабулу;
- фокусируется на теме, вызывающей интерес. В нем должно быть напряжение, драматизм и какая-то развязка;
- по временной шкале не выходит за пределы последних пяти лет; строить его следует на современном материале;
- должен вызывать эмпатию к его главным действующим лицам, где желательно описать личную ситуацию;
- должен включать в себя материалы из официальных или неофициальных источников, что добавляет ему реализма и конкретики, знание курсанта о людях, чьи высказывания цитируются, помогают интерпретировать ситуацию в целом;
- должен содержать примеры выводов, заслуживающих высокую оценку, которая могла бы использоваться в качестве прецедента для принятия будущих решений;
- должен требовать принятия решений, а не их простой оценки;
- должен привить навыки, необходимые в дальнейшей военно-профессиональной деятельности, формировать у курсантов модель поведения, которую он может взять за образец в реальной жизни [3].

Таким образом, в настоящее время, на наш взгляд, кейс является одной из наиболее продуктивных методов обучения, обеспечивающих одновременное решение многих задач:

- создает условие для глубокого и полного усвоения учебного материала на основе системного применения знаний в процессе одновременного решения учебных и моделируемых профессиональных проблем; позволит синтезировать знания из разных дисциплин и преодолевать их разобщенность в сознании курсанта;
- позволяет интенсифицировать учебную деятельность курсантов, создает условия для развития их творческого мышления в процессе анализа конкретных жизненных ситуаций и поиска нестандартных способов для их решения;
- формирует интерес, эмоционально-ценностное отношение к учебной и военно-профессиональной деятельности;
- обеспечивает освоение курсантом опыта в выполнении военно-профессиональных функций, а также овладение им методологии решения проблем.

Коммуникативное взаимодействие между курсантами, совместное обсуждение проблем, выдвигаемых на занятиях, рассуждения и поиск путей принятия решений дают отличные результаты.

Во-первых, курсанты чувствуют себя более значимыми, как правило, раскрепощаются, что помогает в активном поиске решения поставленной проблемы. При этом преподаватель, стоит не «над» курсантами, а находится «среди» них, являясь лишь дающим направление в процессе работы, помощником в принятии решения.

Во-вторых, совместная работа объединяет обучающихся, делает их сплоченнее и дружнее, повышается интерес к обучению, учит работать в команде, делает терпимее к мнению других.

В-третьих, курсанты учатся грамотно и аргументировано отстаивать свою точку зрения, находить компромиссы, преодолевать конфликты.

Все это формирует не только профессиональные, но и жизненные навыки.

Соответственно, использование кейсов в учебном процессе военного вуза обеспечат воссоздание конкретных ситуаций с контекстом военно-профессиональной деятельности,

позволит приобрести опыт решения различных служебных и боевых задач, что в свою очередь будет способствовать формированию и развитию профессиональной компетентности будущих выпускников.

Список использованных источников

1. Исмаилов А.Б., Дементьев А.А., Шматова Л.В. К вопросу использования метода кейс-стади в учебном процессе военного вуза // Вестник академии педагогических наук Казахстана. - №4 (72). – 2016 г.
2. Методы обучения. Многомерная классификация // <https://www.proza.ru/2012/01/12/325> (Дата обращения 3 апреля 2020 г.).
3. Цели, содержание, методы и средства обучения в высшей школе // <https://www.referat911.ru/Pedagogika/celi-soderzhanie-metody-i-sredstva/399969-2912019-place3.html> (Дата обращения 3 апреля 2020 г.).

РАИСОВА Н.С.

Петропавл қ. № 9 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

«Қазақстанды ХХІ ғасырда дамыған елдермен теңестіріп өркениетті әлемнен мәртебелі орын алуына ықпал етер бірден-бір құдірет-білім, білімді –ұрпақ».
Н.Ә. Назарбаев

Қазақстанның өркениетті әлемге қол созып, бәсекеге барынша қабілетті отыз елдің қатарына кіруінің негізгі тетігі – білім. Білімнің жаңа үлгісі өзіне сәйкес жаңа мұғалімдерді талап етеді. Ол шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға, педагогикалық қызметтің барлық оң және теріс жақтарын зерттеп меңгеруге ынталы, өзінің пәнін жетік меңгерген, кез келген педагогикалық жағдайы өзінің білімділігі, парасаттылығы, ақылдылығы, медениеті, іскерлігі, шеберлігі арқасында шеше алатын педагогикалық үдерістің нәтижесін жаңарта алатын мұғалім болуы керек [1]. Мұғалім шығармашылығы – ұшы-қиыры жоқ ізденіс, өнер, қиял, тапқырлық, үйрену, даму. Үйретуші сөз арқылы емес, әрекет арқылы үйретуді басты назарда ұстағаны жөн. Және сол әрекетті үйренуші атқарғаны дұрыс. Сол кезде ғана берген білім сапалы, алған білім өмірлік болары анық.

Оқушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту – біздің алдымызда тұрған жауапты міндеттердің бірі. Оқушылардың бойынан дарындылықты тауып, әрі қарай дамыту, қолдау көрсету ең басты ұстаздың мақсаты болып табылады. Өзіне сенімді тұлға болып өсуіне мұғалімнің де үлесі зор деп санаймын. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет және мұғалім мен оқушылар оған лайық болу керек екені даусыз. Ізденімпаз, жаңашыл мұғалімнің шығармашылығындағы ерекшелігі – оның сабақты түрлендіре өткізіп, оқушының жүрегіне жол таба білуінде. Бүгінгі күні оқушыларға жан-жақты, шеберлігі айқын мұғалімнен білім алғанды қызықты көреді, өйткені заман талабы сондай және қазіргі балалар ұстаздан жаңаны күтіп отыратыны анық. Әр түрлі ұлт өкілдеріне сабақ бергендіктен қазақ тілін үйренушілерді әрине қызықтыруым керек. Оқушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту – жауапты міндеттердің бірі. Шығармашылық ізденіс деген әр ұстаздың алдында тұрған үлкен міндет. Мектеп оқушыларының шығармашылыққа қызығушылығын қалыптастыру өте маңызды және күрделі.

Өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену бұл – шығармашылық. Адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі – бұл өмірде дұрыс жол табу үшін қажет. Оқушының бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өмірден өз орнын табуға жол ашады [2,7].

Шығармашылық дегеніміз – оқушының белсенділігі мен дербес іс-әрекетінің ең жоғарғы түрі. Бұл мәселені шешу үшін шығармашылық тапсырмалардың орны ерекше. Шығармашылыққа байланысты тапсырмалар оқушының білім деңгейін – оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейге көтеруге жол ашады. Шығармашылық – бүкіл айналадағы тіршіліктің айнасы. Баланың тәй-тәй басқанынан, бүгінгі күні жеткен дәрежелерінің нәтижесі. Оқу әрекетінен шығармашылық әрекеттің айырмашылығы – ол баланың өзін-өзі қалыптастыруына, өз идеясын жүзеге асыруына бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді іздейді [3, 27]. Сабақ үстінде алдына қойылған мақсатқа өз бетінше, жаңаша шешуге, жетуге тырысады. Оқушының қабілеттері әр түрлі дамиды. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту жолдарын үш кезең арқылы жүзеге асады. Тапсырмалар жас ерекшеліктеріне қарап, кезең кезеңімен алынады.

Бірінші кезең – жаңаның дамуы, түпкі идеяны табуға ұмтылу. Бұл кезеңде әдеби шығармашылық тапсырмалар беріліп, төмендегідей талаптар бойынша жұмыс жүргізіледі: шығарманы бөлімдерге бөліп, тақырыбын жазып келу; кейіпкерді ажыратып, мінездеме беру, кейіпкердің іс-әрекетін анықтау, олардың арасындағы шиеленісті түсіндіру; әңгіменің бір бөлімінің көркемдік ерекшелігіне талдау жүргізу.

Екінші кезең – қиялдаған ойын қалыптастыру. Бұл жерде оқушы ертегі, әңгіме, мақалдарды әрі қарай жалғастырып жазу, айту немесе аяқтау тапсырмасы беріледі. Оқушы қиялдап, оқиғаны әрі дамытады, шығармашылық жұмыс істейді. Өз бетінше ізденеді – өзінің шығармашылық қабілеті ашады, көргенін, сезгенін, білгенін қағаз бетіне, немесе сурет арқылы жеткізеді.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамытудың жолдары, құралдарын анықтау ертеден зерттеліп келеді. «Қабілет» ұғымының мәнін, оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесін талдау, ең алдымен терең түсінуді қажет етеді. «Интеллектуалдық қабілетті» шығармашылық ұғым деп қарастыруға болады. Қабілетілік екі салаға бөлінеді:

-Бірінші дәрежедегі қабілеті дамыған адам – жаңа жағдайды, білімді, іс-әрекетті тез қабылдайды, оны үлгі бойынша орындап, жүзеге асырады.

-Екінші дәрежедегі қабілеті дамыған адам – өзінің дарындылығымен, білімділігімен жеке іс-әрекетімен жаңалық ойлап табады, жаңаны қалыптастырады [4, 78].

Заман талабына сай оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін, оқытуды жаңа ақпараттық технологиясын да пайдаланған дұрыс. Шығармашылыққа үйрету үшін мынандай жағдайларды ескерген жөн дұрыс. Ең алдымен оқушылардың оқуға ынтасын оятып, олардың қабілетінің дамуына жол ашу, алғашқы сабақтан бастап-ақ әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, ынтасы мен бейімділігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығын ескере отырып, жұмыс істеу бағытын, жоспарларын жасаған дұрыс. Оқушылардың шығармашылық қабілеттері ашылу үшін белсенді формалар мен әдістерді сабақта қолдану. Олар: әңгімелесу, пікірталас, ойындар, сайыстар, сұхбат, байқаулар, олимпиадалар, бақылаулар, шығармашылық еңбек, жобалар, дербес сабақтар. Оқушылардың қабілеттеріне қарай әрбір баланың ойын оятып, ойландыруға, талдау жасауға, салыстыруға жетелейтін жеке шығармашылық тапсырма беріледі. Осындай әдістерді жиі пайдалану оқушылардың шығармашылыққа баулуына, шәкірт бойындағы талант көзін ашуға, тілін байытып, қиялын ұштаумен өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізетініні сөзсіз. Сабақта шығармашылық жұмыс бергенде оқушының рөлі мүлде өзгереді. Ең қымбат нәрсе, балаға білімді дайын күйінде бермей, білімді өзі алатындай біліктермен қаруландыру. Сол кезде оқушылар тек белсенді жұмыс атқармайды, олар табысқа жеткеніне қуанады. Әр жаңа нәрсені ашып, өлең оқыған, әдеби шығармалардағы кейіпкердің бейнесіне ену оларды қызықтырады. Мысалы 8 сыныпты алатын болсақ: С.Мұқановтың «Саятшы Ораз» әңгімесінде, Ораздың образы, оның ауыл

балаларына деген мейірімділігі, ақкөңілділігі, кісілігі, қолы ашықтығы оқушыларды таң қалдырады, себебі өзінің отбасы да жұпыны тұрмыс құрған. М.Әуезов «Көксерек» Құрмаштың образы, «Қозы Көрпеш Баян сұлу» Баянның образы қыз балаларға қатты әсерін тигізді.

Төмендегі көрсетілген жұмыстар арқылы оқушының қабілетін арттыруға болады.

1. Логикалық ойын дамытатын тапсырмалар (сөзжұмбақ, ребус шешу, жұмбақ, мақал-мәтел, қанатты сөздер құрастыру).

2. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс түрлері (мәтінді өңдеу, мәтінге жоспар құрастыру, мәтіннен не түсінді, қысқаша мазмұндау, есте қалғанын қысқаша әңгімелеу, бірін-бірі жалғастыру) т.б.

3. Өз ойынан еркін тақырып құрастыруға берілген жұмыс түрлері (төрт жолды өлең, ертегі, шығарма жазу, эссе жазу).

Үшінші кезең – оқушының тапқырылық пен шеберлігіне байланысты. Бұл кезеңде оқушы белгілі бір шығармаға өз көзқарасын білдіріп, пікір жазады, мәтінге, жобаға талдау жүргізеді, кіші ғылыми жұмыстарды қорғайды, әңгіме жазады. Осы үш кезеңнен өткен оқушы нағыз шығармашыл болады.

Шығармашылық сабақтардың оқушылар үшін мынадай маңызды жақтары бар:

- шығармашылық ой-өрісі артады;
- оқушының танымдық іздемпаздығы қалыптасады;
- сұрақтарды, мәселелерді терең талдауға үйренеді;
- кітаппен жұмыс, суретпен, сөздікпен жұмыс;
- синквейн;
- ұжымдық ой-пікірлері жетіледі, топ мүшелерінің пікірлерімен ортақ тұжырым жасауға үйренеді;
- мұғаліммен оқушылардың қарым-қатынасы ынтымақтастықта болып, сенімділіктері артады;
- оқушы өз ойын еркін айтуға, сөз мәдениетіне үйренеді;
- білімін жүйелеуге, толықтыруға үйренеді;
- өз әрекетіне сыни қарауға, сынды қабылдауға үйренеді;
- қорытындылауға, бір шешімге келуге үйренеді;
- эссе және т.б. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына арналған «Салют Жеңіс!» деп өткен балалар шығармашылығының облыстық конкурсына қатысқаны үшін 7 сынып оқушысы Дияр Ереже дипломмен марапатталды. (Өзінің соғыста кеткен атасы жайлы эссе жазды).

-авторлар туралы толық мағлұмат жинайды, реферат жазады; «Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жылдығына» арналған шығармашылық байқауының жеңімпазы 8 сынып оқушысы Қожин Шыңғыс реферат жазып III дәрежелі дипломға ие болды.

Сабақ үстінде қосымша тапсырмалар беріп, орындауын қадағаланады. Бұл айтылған жұмыстарды барлық оқушыларға бірдей қолдану әрине мүмкін емес. Өйткені әр оқушының қабылдау деңгейі әр түрлі. Барлық оқушы шығармашылықпен жұмыс істейді деу, ол артық. Оқушылардың да бейімділігі әр түрлі. Кей оқушы сурет салуға, өлең құрауға, ауызекі сөйлеуге, ребус құрауға икемді. Сондықтан тапсырмаларымды да деңгейлеп берген дұрыс. Әр баланың икемділігіне қарай тапсырмалар беру арқылы шығармашылық деңгейін арттырып отыруы тиіс. Оқушы бойындағы бейімділікті байқай салысымен соған сәйкес тапсырмалар беріп, дереу қолға алу керек. Ол бейімділікке деген қызығушылықты солып қалмай тұрғанда алға жетелеу қажет. Сонда ғана оқушы қызығушылығын алға арттырып отыратынын байқаймыз.

Балалармен үнемі түрлі бағыттарда жұмыстар жүргізе отырып, ізденуге мүмкіндік беру керек.

Оқушыға берілетін жекелей тапсырмалардың үйренушілік, алгоритмдік, эвристикалық, шығармашылық деңгеймен жұмыс жасау.

Міндетті оқушылық деңгей. Жалпыға бірдей стандартты білім негізінде тапсырма беріледі. Мұндай тапсырмалар оқушыларға алдыңғы білімдеріне және оқушыға байланысты. Бұл тапсырмаларды барлық оқушы орындай алуы тиіс.

Алгоритмдік деңгей. Мұнда оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылданған ақпаратты пайдалана отырып, орындайды. Өтіп кеткен материалды оқушы талдап бұрынғы тапсырмаға сәйкес орындайды. Алған білімдерін түрлендіріп пайдалану керек.

Эвристикалық деңгей. Оқушы өзі ізденіп өзі қосымша әдебиетті қолдана отырып, жауап береді. Эврика. Анализ бен синтез салыстыру арқылы анықтау, қорытындылау. Ребус, сөзжұмбақ анаграмма құрау [5, 47].

Бұл шығармашылық деңгейде оқушы құбылысты өз бетінше талдай келіп, шағын ғылыми шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу. Бұл оқушыға «кішкентай» жаңалық ашқанмен бірдей. Анцибор Артем қалалық, облыстық «Зерде» ғылыми жобасына қатысып қаладан I орын, облыстан II орын ; «Вспомним всех поименно» СҚО-ның 80 жылдығы және Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арнап ғылыми-жобалар байқауына қатысып, I орынға ие болды.

«Шығармашылық қан түйіршектерін жіпке тізгендей еңбек етуді қажет етеді, осыны балаға ерте бастан ұқтыру керек». Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, оқушы дүниетанымы одан әрі арта түсері анық.

Шығармашылық тұлға бойында батылдық, еркіндік, ұшқырлық, сезімталдық сияқты қасиеттермен қатар ерекше ой қызметтері, қайшылықтарды түсіну, заңдылықтарды анықтау, шығармашылыққа деген құштарлық болуы керек.

Шығармашылықты үйрету әдісінің принципі мен тұжырымдамасын іс-тәжірибемен ұштастырғанда қандай нәтиже береді деген сұраққа жауабын өз тәжірибемізден табуға болады. Себебі, оқушы бойында шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен-күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, сыныптан-сыныпқа көшкен сайын оқушының ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, оқушы дүниетанымы арта түседі.

Ұстаз еңбегі – оқушы білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі – әрбір оқушы жүрегіне жол таба білуінде. Әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін, өмірді, әлемді танып білуге, қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білуінде жатыр.

Пайдаланылған әдебиет

1. Үздіксіз тәрбиенің тұжырымдамасы. – Алматы РБК. 1998. - 32 б.
2. Б.А.Тұрғынбаева Ұстаздық шығармашылық Алматы, 2007 ж.
3. Б.А.Тұрғынбаева Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту Алматы, 1999 ж.
4. Граництел А.С Научить думать и действовать, Москва, 2010 ж.
5. Доровский И «Дарындылықтың дидактикалық негізі», Санкт-Петербург, 2009ж.

РАМАЗАНОВ М.А.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Шекара Академиясының
аға оқытушысы, подполковник, Алматы қ.

КУРСАНТТАРДЫ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНА БЕЙІМДЕУ

Мақалада жоғары әскери оқу орындарының курсанттарын дене дайындығы мәдениетінің құндылықтарына бейімдеудің кейбір жолдары мен олардың дене дайындығын көтеру мәселелері қарастырылады. Дене шынықтыру дайындығының өзіндік сабағындағы курсанттардың мотивациялық жұмысын енгізу бойынша, сондай-ақ әскери жоғары оқу орындарында курсанттарға дене шынықтыру дайындығына қойылатын талаптардың тұрақты өсуі арасындағы қарама-қайшылықтар, әскери жоғары оқу орындарында курсанттардың дене шынықтыру дайындығына деген танымдық қызығушылығының жоқтығы, «Дене шынықтыру дайындығы» пәні бойынша білім беру үдерісінде пайдаланылатын әдістердің шектеулі екені туралы материалдар ұсынылған.

Тірек сөздер: қалыптастыру, денсаулық, мотивация, дене дайындығы, білім берудің белсенді әдістері, практикалық дағдылар.

Денсаулықты сақтаудың маңызды факторларының бірі – дене шынықтыру белсенділігі, ол қоғамның іс-әрекетіне, қалыпты тұрмыс-тіршілігіне, мінез-құлқының құндылық бағдарына ықпал етеді. «Дене шынықтыру дайындығы» оқу пәні Мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Академиясының барлық мамандандырулары бойынша курсанттар, білім алушылар меңгеруі үшін міндетті болып табылатын негізгі пәндер қатарына жатады.

Дене шынықтыру дайындығы әскери қызметшілердің дене шынықтыру дайындығын, олардың жоғары деңгейдегі дене жүктемесін атқара алу және психикалық төзімділігін қалыптастыруға мүмкіндігін дамытуға, сондай-ақ бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған.

Дене шынықтыру дайындығының мақсаты – Мемлекеттік шекара күзетінің талаптарына сай әскери қызметшілердің дене шынықтыру әзірлігін және олардың арнайы міндеттерін атқара алу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Әскери қызметшілердің дене шынықтыру дайындығының жалпы міндеттеріне жататындар:

- төзімділікті, күшті, шапшаңдық пен ептілікті талап ететін деңгейде дамыту және сақтау;
- қоян-қолтық ұрыс дағдыларын, сондай-ақ ойлы-қырлы жерлермен жаяу және шаңғымен жүру, кедергілерден өту, әскери қолданбалы жүзу дағдыларын қалыптастыру;
- тіреуіш-қозғалыс аппаратын нығайту, аурулардың алдын алу мен келеңсіз қылықтардан арылту, ағзаны шынықтыру;
- психикалық тұрақтылықты, өзінің күшіне деген сенімділікті, алдына мақсат қойып, оған жете білуді, батылдық пен өжеттікті, бастамашылдық пен тапқырлықты, төзімділік пен ұстамдылықты жетілдіру;
- әскери қызметшілердің төтенше дене және психикалық жүктемелерге төзімділігін және әзірлігін қалыптастыру.

ҚР ҰҚК Шекара академиясы курсанттарының дене шынықтыру дайындығының арнайы міндеттеріне жататындар:

- жалпы және күштік төзімділікті, ептілікті барынша дамыту; табиғи және жасанды кедергілерден өту кезінде ойлы-қырлы жерлермен жүрудегі жеке және ұжымдық іс-әрекет дағдыларын игеру; қарсыласпен қоян-қолтық ұрыс жүргізу;
- әскери қызметшілердің дене шынықтыру дайындығының барлық түрлерін басқара алуы, ұйымдастыру және өткізудің теориялық білімдерін, ұйымдастырушылық-әдістемелік дағдылары мен қабілеттерін игеруі [1].

Басшылық құжаттарда көрсетілген дене шынықтыру дайындығы бойынша міндеттерде білім алушылардың дене шынықтыру пәніне деген қызығушылығы болмаған жағдайда міндеттерін орындауды талап етуге тура келеді. Яғни білім алушы курсанттарды спортпен айналысуға қызықтырып, мотивациялау қажет. Спортпен айналысуға итермелейтін кез-келген тиімді мотивация соңғы қорытындысы бойынша оң нәтижесін береді.

Әсіресе дене шынықтыру дайындығында кез-келген іс-әрекетті нәтижелі орындаудың басты құрамдас бөлігі – мотивация. Мотивация – белгілі бір әрекетті жасау немесе жасамау ниетінің қалыптасуы немесе негізделуі. Дене шынықтыру белсенділігіне деген мотивация – дене шынықтыру дайындығы мен еңбекке қабілеттіліктің қажетті деңгейіне қол жеткізуге бағытталған тұлғаның ерекше жағдайы. Дене шынықтыру мәдениеті мен спортпен айналысуға қызығушылықты қалыптастыру үдерісі - бір кезеңдік емес, көп сатылы үдеріс: алғашқы қарапайым гигиеналық білімдер мен дағдылардан бастап (бала кездегі) дене шынықтыру тәрбиесінің теориясы мен әдісін психофизиологиялық терең меңгергенге және спортпен қарқынды айналысқанға дейінгі [2].

Жасалынған тәжірибелер мен талдамалар бойынша, кез-келген тұлға, мейлі ол кәсіпқой спортшы немесе спортпен әуестенуші болсын, ол отансүйгіштік, жауапкершілік, тәртіп, күн тәртібі, график, т.б. білетін болады. Яғни спорттың кез-келген түрімен айналысқаннан кейін адамның жауапкершілік деңгейі көтеріліп, тәртіпке бейімделеді, бұл қасиет – кез-келген әскери қызметші үшін маңызды ереже болып табылады.

Әскери жоғары оқу орындары курсанттарының дене шынықтыру дайындығы бойынша сабаққа деген мотивациясының төмендігі және дене шынықтыру дайындығы бойынша сабақтарға қажеттілігінің қалыптаспауы мектептегі және мектепке дейінгі ұйымдардағы дене шынықтыру – сауықтыру және спорттық жұмыстардың төмен деңгейде ұйымдасуының салдарынан. Осыған байланысты білім алушылардың дене шынықтыру дайындығы маңызды роль атқаратындықтан әскери жоғары оқу орындарында осы бағытты едәуір қажетті деңгейде тиімді іске асыруға ықпал ететін жаңа ұйымдастырушылық формалар, амалдар мен әдістерді іздеу мәселесі маңызды роль атқарады.

Сонымен, дене шынықтыру сабақтарында айқындалған мотивтерге сүйене отырып, заманауи жаңа тәсілдерді белсенді пайдаланып, курсант тұлғасының әр түрлі тұрпатын, оның дене шынықтыру дайындығына деген көзқарасын, жеке қатынасын, сонымен қатар курсанттарға дене шынықтыру жаттығуларымен айналысуға кедергі жасайтын факторларды ескере отырып курсанттардың мүддесіне барынша сәйкес келетін сабақты ұйымдастырудың тиімді формалары мен әдістерін құрастыру керек.

Қазіргі кезде жастардың салауатты өмір салты мен құндылық бағдарларын қалыптастыратын механизмді зерттейтін зерттеулер өте аз. Пайдаланылып жүрген мотивацияны көтеру әдісі толығымен зерттелмеген, жүйеленбеген және қажетті нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік бермейді. Біздің тарапымыздан бұл мәселе әдеби деректер мен курсанттарға жасалған сауалнаманы жинақтау және талдау негізінде зерделенді. Зерттеу тақырыбы бойынша оқу-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу, талдау және жинақтау нәтижесінде дене шынықтыру – спорттық сабақтарға деген мотивация туындау негізінде өмір сүру қажеттіліктері мен нақты тұрмыс салттарымен қатар тұлғаның ішкі ұстанымы да жатқаны анықталды. Дене шынықтыру белсенділігі негізінен дене шынықтыру-спорттық сабақтарға деген қызығушылық пен одан алатын ләззатқа байланысты. Мұндай сабақтарға қызығушылықты тудыратын мотивация ретінде әдетте ең алдымен дене шынықтыру белсенділігі үдерісінен ләззат алуды жатқызуға болады. Жеке тәжірибемнің негізінде дене шынықтыру дайындығы бойынша сабақты бөлімшелер немесе курсанттар арасында жарыстыру сипатында өткізуге тырысамын. Бұл тәжірибе дене шынықтыру дайындығы бойынша нормативтерді орындау кезінде эмоционалды оң нәтиже береді.

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге жасалған талдау және жоғары оқу орындары оқытушыларымен әңгімелесу нәтижесінде жоғары оқу орындарының студенттері үшін дене шынықтыру дайындығы бойынша бағдарламалар студенттердің қызығушылығы ескерілмей жасалады және оқытушылардың басым бөлігі бағдарламаға негізделген қатаң тәртіппен

сабақтарды өткізіп, оған ешқандай өзгерістер енгізбейді, нәтижесінде студенттердің дене шынықтыру сабағына қызығушылығы да көтерілмейді. Бірқатар авторлардың пікірінше, нормативті тәсілдерге сүйіне отырып, басымдық беру, яғни оқу үдерісі кезінде студенттің мүддесін шеттетіп, кезекті оқу бағдарламасындағы бақылау нормативтерімен ерекшеленетін сыртқы көрсеткіштерге басымдық беру тәсілі дене шынықтыру тәрбиесіне үлкен залал келтіреді.

Ары қарай тұлғаны біркелкі, қатаң нормативтерді орындауға мәжбүрлесе, тұлғаның еркіндік идеясына, тәрбиелеудің адамгершілік қағидаларына қарама-қайшы келіп, білім алушылардың дене шынықтыру мәдениеті саласына деген қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етпейді. Мұндай тәсілдерді қолданғаннан кейін дене шынықтыру тәрбиесі үдерісінің субъективті бастамасы өз мәнін жоғалтады.

Сонымен әскери жоғары оқу орындары курсанттарын дене шынықтыру дайындығы бойынша даярлауға қойылатын талаптардың тұрақты өсуі мен әскери жоғары оқу орындары курсанттарының дене шынықтыру дайындығы бойынша танымдық қызығушылықтарының болмауы арасындағы қарама-қайшылықтардың болуы, сонымен қатар «Дене шынықтыру дайындығы» пәні бойынша білім беру үдерісінде пайдаланылатын әдістердің шектеулі екені рас. Бұл аталғандардың барлығы дене шынықтыру дайындығы бойынша сабақтарға деген қызығушылықты төмендетіп, қатынасты бұзады. Сонымен қатар, спорт саласында функционалды көпсайыс сияқты жаңа бағыттар дамып, халық арасында, әсіресе курсанттар ішінде танымал болған гимнастиканың дәстүрден тыс жаңа түрлері (воркаут көше гимнастикасы) қалыптасып келеді.

Тәжірибе барысында курсанттардың дене шынықтыру дайындығы мен спорт саласындағы талғамын анықтау үшін курсанттармен «мотивациялық» жұмыстың бастапқы және қорытынды кезеңінде екі рет әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Дене шынықтыру дайындығы сабағында мотивацияны көтеру үшін тұлғаның жеке ішкі көзқарасына ықпал етуге тырыстық. Әңгімелесу кезінде «сендіру» психологиялық тәсілі пайдаланылды. Тәжірибе кезінде курсанттармен салауатты өмір салты, дене шынықтыру сабағының пайдасы, зиянды қылықтардың денсаулыққа тигізетін кері әсері, ағзаға тигізетін жағымды әсері туралы әңгімелесіп, спорттың шылым шегу мен ішімдік ішумен қатар жүрмейтінін түсіндірдік. Әр адамның өз «идеалы» болатындықтан «еліктеу» әдісі арқылы дене шынықтыру мәдениеті мен спорттың көмегімен өзін жетілдіруге тырысу қабілеттерін қалыптастыруға болады. Теориялық сабақтарда білім беру кезінде белсенді әдістерді пайдалана отырып білім алушылардың дене шынықтырудың практикалық сабақтарында білімді меңгерулеріне және дағдыларын қалыптастыруға, танымдық қызығушылықтарын дамытуға ықпал етуге болады. Танымал спортшылармен кездесу өткізіліп, курсанттармен әңгіме құрылды. Курсанттарға спорттың өмірде белгілі бір жетістіктерге жетуге, күш-жігерді, ерікті қалай қалыптастыруға болатынын көрсеттік. Сондай-ақ дене шынықтыру оқытушыларымен студенттердің дене шынықтыру сабағына деген ызығушылықтарын қалай арттыруға болатындығы туралы әңгімелесу өткізілді. Курсанттардың дене шынықтыру пәніне деген мотивациясын көтеру үшін курсанттарға арналған оқу және секциялық сабақтарды бір ырғақпен өткізбей, түрлендіріп, жетілдіру қажет, оқытудың белсенді әдістерінің бірі ойын және жарыс әдісін белсенді қолданып, дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру кезінде шығармашылық жағдай туындату қажет деген қорытындыға келдік.

Зерттеу жұмысы кезінде курсанттармен өтетін дене шынықтыру және спорт сабағындағы негізгі мотивтер анықталды. Сұралғандардың басым бөлігі өздерінің дене шынықтыру сабағының арқасында денсаулығын жақсартып, эстетикалық тұрғыда сымбатты дене қалпын қалыптастырғысы келетінін айтты. Жоғары оқу орындарының бағдарламасына спорттың әр түрі бойынша сабақтар ойын және жарыс түрінде өткендіктен курсанттардың дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылығы артты. Біздің зерттеудің нәтижелерін әскери жоғары оқу орындары оқытушыларының «дене шынықтыру дайындығы» пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасын әзірлеу кезінде және курсанттармен спорттық-көпшілік жұмыстарды өткізу кезінде ескеруге болады.

Теориялық сабақтарда оқытудың белсенді әдістерін қолдана отырып курсанттардың танымдық қызығушылығын қалыптастырып және дамытып қана қоймай, дене шынықтырудың практикалық сабағын игеруіне мүмкіндік беруге болады. Дене шынықтыру мәдениеті курсанттардың рухани қызығушылықтарын толығымен қанағаттандырып, дене шынықтыру бойынша бағдарламалық материалдың міндетті минимумын игеру кезінде білім алуға, салуатты өмір салты туралы түсініктерін қалыптастыруға, тұлғаның өмір бойы дене дайындығын өз бетінше жетілдіру дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыратын теориялық негізді қамтамасыз етуі қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Правила организации оперативно-боевой, специальной и физической подготовки в органах национальной безопасности Республики Казахстан.

2 Директива министра обороны РК от 16 марта 1998 года об образовании Военно-научного центра МО РК.

В статье рассматриваются некоторые пути приобщения курсантов высших военных учебных заведений к ценностям физической культуры и повышения физической подготовки курсантов военных вузов. Представлен теоретический материал по внедрению мотивационной работы с курсантами к самостоятельному занятию физической подготовкой и спортом, а также противоречие между постоянно растущими требованиями к подготовке курсантов военных вузов по физической подготовке и отсутствием познавательного интереса у курсантов военных вузов по физической подготовке, а также ограниченностью используемых методов в образовательном процессе по дисциплине «Физическая подготовка».

Ключевые слова: формирование, здоровье, мотивация, физическая подготовка, активные методы обучения, практические навыки.

СЕЙТЖАН Қ.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты
автоматтандыру бөлімінің офицері, лейтенант, Петропавл қ.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ВОЕННО-УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ РК

Внедрение в сфере образования инновационных технологий началось 1980-х годах. Когда началось всемирное использование электронно-вычислительных машин. Которая в свою очередь тоже не стояла на месте, а наоборот начало стремительно развиваться. Что свою очередь привело к тому, что надо развиваться идти ногу со временем и сферу образования. Дальнейшее развитие уже имело трактовку как педагогическая инновация. Конечно, это требовало и дополнительных затрат (инвестиции). Что свою очередь оправдывает развитие образовательного процесса.

Использование информационных технологий лет 15 назад считалось недостижимым. Использование информационно-коммуникационных технологий (далее-ИКТ) в повседневной жизни образовательных учреждений прочно вошли в практику. Преимущества использования ИКТ очевидны. Это создание разных родов тренажеров, научных лаборатории и образовательных программ. Современное общество требует быть коммуникабельным и подкованным в инновационных технологиях не только гражданских, но и военной сферы.

Как все знаете, что для военных основная задача – это выполнение задач поставленный государством в четко и срок. Для выполнения той или иной задачи внутри своей военной структуры им нужна была своя внутренняя система. Что свою очередь дало началу создания сети интернет, так как данную идею заимствовали у военных структур. Что дало развитие новой сферы инновации.

Во-первых, что такое инновация? Инновация – это нововведение или обновление в процессе системы. В разных научных поисках по данному направлению один итог – это изменение системы в лучшую сторону как образовательном процессе, так и в других.

Во-вторых, современные инновационные технологий дают возможность обществу успешнее и быстрее адаптироваться к окружающей среде. Это каждый человек имеет право получения знания как сегодня, так и в завтрашнем высокопроизводительном мире.

В-третьих, активное внедрение и использование инновационных технологий в разных сферах, в том числе образовательной деятельности идти в ногу со временем.

Инновация в основном делят на:

- внедрение;
- тренировка;
- консультирование;
- передача;
- аудит.

Как было отмечено в издании агентства «Бизнес-Пресс» [1] подготовленный ЮНЕСКО в конце прошлого тысячелетия во «Всемирном докладе по коммуникации и информации 1999 – 2000 годы», является важной ролью и потребностью продвижения ИКТ в системе образования. В начале доклада Генерального директора ЮНЕСКО Федерико Майора, что инновационные технологий должны поспособствовать «созданию лучшего мира, в котором каждый человек будет получать пользу от достижений образования, науки, культуры и связи». Инновационные технологий касается всех имеющихся в мире систем, но основой этому всему будет образовательная сфера [2]. В комментариях русскому изданию доклада ЮНЕСКО «Эффективное образование – приоритетный путь России в новый информационный мир» [1], реализация всех поставленных задач и целей их выполнения касаются не только России, но всего СНГ. Это основные проблемы внедрения в систему не только образования, также и других систем. На примере Казахстанского государства все сферы очень тесно связаны между собой.

Важным качеством ИКТ в настоящем времени является их многофункциональность, они могут быть основой в учреждениях любой сферы, связанной с информационным оборотом данных, главной в создании общего информационного пространства [3].

Процесс формирования информационных технологий и средств телекоммуникаций и связи создает главу для реализации научных и образовательных программ на качественно новом уровне. Создание скоростных ИКТ и создание технологий современных реалии дает перспективы реализации моделей распределенной образовательной системы, построенной на технологиях удаленного доступа к информационным ресурсам и компьютерных средствах общения [4].

Пошаговый подход к интеграции ИКТ и образовательной системы основывается на выявлении всех основных факторов, устанавливающих связь между элементами и формирующих целостные свойства системы, выполняющей согласованную совокупность действий, объединяемых основным замыслом и единой задачей [1].

Инновационные технологии возникают как средство разрешения расхождения между набирающийся во всё возрастающих объемах информации, с одной стороны, и возможностями масштабами их общественного использования, с другой стороны. В результате и двойная сферанужды ИКТ: с одной стороны, это средство модификации познания в информационный ресурс общества, а с другой – средство реализации общественных технологий и трансформации их в общественно-информационные

технологии, которые уже могут непосредственно использоваться в организациях государственного управления и социального самоуправления.

В педагогической деятельности военных учебных заведений имеется не большой арсенал инновационных технологий. Возможность их использования в образовательном процессе зависит от готовности преподавательского состава воспринять изменения и, конечно, от технической обеспеченности военно-образовательных учреждений. Во многих военно-учебных заведениях аудитории обеспечены интерактивными досками и мультимедийными установками, место преподавателя оборудовано персональным компьютером или ноутбуком с выходом во внутреннюю сеть образовательной организации (или в сеть интернет).

Преподаватели применяют в своей повседневной работе инновационные технологии в сфере военного дела и современные методы обучения, которые включают в себя активные и интерактивные формы. В основном используются активный метод – это непосредственное участие курсантов, их деятельную позицию в образовательном процессе. А интерактивный метод позволяет лучше усваивать получаемые знание посредством слухо-зрительного восприятия. Эти методы относятся к групповым формам обучения, когда курсантам предлагают обучаться в составе группы (взвода), получать групповые знания, но при этом нести индивидуальную ответственность за те или иные действия при обучении. Преподаватели, отмечают целесообразность проведения таких занятия как:

- *экскурсия;*
- *встреча с ветеранами, известными люди разных направлений;*
- *творческие занятия – это проведение КВНа и спектаклей, создание фильмов;*
- *просмотр различных фильмов и роликов;*
- *решение задач в виде игр, таких как «мозговой штурм» или «дерево решений»;*
- *групповые задания.*

В результате использования инновационных технологий данные методы эффективны. Так как во время пандемии провести экскурсию или встречу не представляется возможным, но благодаря современным технологиям это реально. Безусловно, применение инновационных технологий в образовательном процессе военно-учебных заведениях уже становится необходимостью. Это приводит к информатизации мышления курсантов военно-учебных заведений и пониманию ими процессов информатизации в современном мире.

Преимуществом ИКТ это:

- 1) *Наглядность;*
- 2) *Беспрепятственный доступ к любому материалу;*
- 3) *Творческий стиль каждого курсанта;*
- 4) *Оперативность.*

Посредством ИКТ не только преподаватели, но курсанты военно-учебных заведений участвуют в онлайн олимпиадах и конференциях.

Основным положительным моментом ИКТ – это восприятие доносимой информации посредством аудио-видео визуализации. Например, использование 3D и 7D просмотра усиливает понимание материала и его усвоение, что даёт возможность побывать в любой точке мира и не только. Что немало важно многократное сокращение затрат денежных средств.

Применение этих инновационных технологий преподавателю позволяет сократить время, затраченное на подготовку занятия, повышению качества материала и проверки исполнения поставленных задач. Однако, не надо забывать преподавателю что использование ИКТ не заменит самого педагога, а только позволяют ему донести информацию ярче и нагляднее.

Қазіргі таңда пәнаралық байланыс проблемасы педагогикалық, психологиялық, әдістемелік жағынан зерттеуге бұрынғыдан да үлкен мән беруде. Пәнаралық байланыс арқылы тіл дамытудың барлық саласымен тығыз байланыста болғанда ғана өз мақсатына жетеді. Әсіресе психология ғылымымен бұл мәселеде орны бөлек. Пәнаралық байланыс арқылы білім алушылардың жеке пәндерден алған білімі бойынша күрделеніп, жинақталып, білім алушылардың бір пән аясымен шектелмей, өзге пәндермен сабақтастыра байланыстырып, сол пәндерді еркін меңгертуге дағдыландырады. Білім алушылар бір пәннен білімдерін әрі қарай дамытып, өзге пәндермен білімдерін сабақтастырып отырады.

«Дамыту» дегенде осы мәселемен ұзақ жылдар бойы айналысып жүрген атақты ғалымдар Эльконин [1] мен Давыдовтардың ізденісіне жүгінген жөн [2]. Тіл дамытуда «Нені дамыту керек?», «Қалай дамыту керек?» деген мәселе алдында тұрады. Жоғарыдағы ғалымдардың «Дамыта оқыту технологиясы» мен тіл дамыту технологиясы астасып келіп жатады. «Дамыта оқыту нені дамыту керек» деген өзекті сұрақ туады. Оны былай жіктеуге болады:

- сезімін, түйсігін, зейінін:

- қабылдауын, ынтасын, есте сақтау қабілетін:

- ойлау, қиялдау, болжау:

- оқу іс-әрекеттерін, дағды машықтарын.

Пәнаралық байланыс арқылы тіл дамыту жұмыстары философиялық негіздермен тығыз байланысты. Әрбір ғылымның өзіндік ерекшелігі бар, сол ерекшелікті танып, меңгеріп, бір-бірімен сабақтастыруда ойлаудың, қабілеттің, танымның маңызы зор. Пәнаралық байланыстың жүзеге асырылуында оның психологиялық негізі үлкен қызмет атқарады.

Пәнаралық байланыс арқылы тіл дамытуда психология ғылымының маңызы ерекше, оның себебі балалар ойларын пікірлерін тіл арқылы жеткізеді, ал осы үрдістер миға тікелей байланысты болып келеді.

Ғалым Қ.Жарықбаев «Жантану негіздері» атты еңбегінде: «Сонымен, психика – ми қасиеті. Түйсік, ой, сана ерекше тәсілмен ұйымдасқан материяның ең жоғары өнім туындысы. Ағзаның психикалық әрекеті көптеген дене мүшелерінің қызметі арқасында

жүзеге асады. Олардың бірі әсерлерді қабылдайды, екіншілері оларды сигналға айналдырып, іс-әрекетті жоспарлап қадағалап отырады, үшіншілері бұлшық етті әрекетке келтіреді. Осы күрделі процесс білім алушылардың қоршаған ортада жол тауып жүруінің белсенді құрал болмақ», - дейді [3, 21]. Ал М. Мұқанов «Ми және сана» атты еңбегінде: «Сонымен, сана, психика – ми қызыметінің нәтижесі. Сана, психика өзінің шығуы жағынан мидың рефлекторлық қызметінің нәтижесінен болады, ал мазмұны жағынан алғанда сыртқы материалды дүниенің бейнесі болып табылады», - дегенді айтады [4, 35].

Пәнаралық байланыс арқылы оқытуды психология мен оның қағидаларының алатын орны ерекше. Сонымен психологияның бір үрдісі – тілдік қатынас. Тілдік қатынас психологиялық тұрғыдан тіл, ойлау және жазбаша, ауызша сөйлеу үрдістерін негізге алады. Басқа пән мен әдебиетті сабақтастыра, салаластыра меңгеру үшін, білім алушылар тіл арқылы қарым-қатынасқа түсіп ойларын жеткізеді, қабылдайды, айтады. Оның барлығы ми құбылыстарымен тығыз байланыста болады.

Қазақ тілін әдебиетпен байланыстырып оқыту үрдісінде білім алушыларды дұрыс сөйлеуге, олардың жеке басының қасиеттерін арттыруда, тіл дамытуда ұстаздың рөлі ерекше. «Тіл арқылы ойымызды басқа біреуге жеткізуді сөйлеу деп айтады. Сөйлеу – пікір алысу үрдісінде жеке адамның белгілі тілді пайдалануы», - дейді ғалым психолог Қ. Жарықбаев [3, 39], яғни ол сөйлеу мен ойлаудың тығыз байланысын, ол екеуі арқылы тілдің жарыққа шығатынын дәлелдейді. Сөйлеу үрдісі арқылы білім алушылар өзінің білімін, практикалық тәжірибесін байытады. Адамдарды бір-бірімен қарым-қатынас жасау әрекетінде сөйлеудің рөлі ерекше. Ойлау мен сөйлеу тіл арқылы көрініс табады және бір-бірімен тығыз байланыста болады.

Психолог-ғалымдар Сәбет Бап-Баба, А.Р. Лурия, А.И. Жинкин, Қ. Жарықбаев, Б.Г. Ананьев, Ф.Н. Гоноболлиндердің пікірінше, іштей сөйлеу сыртқы сөйлеуден өзіндік айырмашылығын ескерген, екінші жағынан, ол адамның ойы ғана емес, ойлаудың да формасы екенін айқындаған.

Ал ғалым-психолог Сәбет Бап-баба «Жантану негіздері» атты еңбегінде: «Тіл – сөйлесу құралдарының қатаң қалыпқа келтірілген жүйесі, ал сөйлеу – ой мен сезімді жеткізуге арналған тілдің екеуара қатынасты әрекеттік қолданымы. Тілдің өзінде мағына, ой болмайды, ол тек ойды өрнектеуге арналған әр түрлі таңба-белгілердің жиынтығынан тұрады. Ал осы қордан сөйлеу үшін қажетті белгілі тілдік құралдар (дыбыстар, сөздер ережеге сай сөз тіркестері мен сөйлемдер, әуен, ырғақ т.б.) іріктеліп алынған шақта ғана ой білдіру мүмкіндігіне ие боламыз», - деп ойын қорытады [5,11].

Сөйлеудің бірінші түрі – ішкі сөйлеу. Ішкі сөйлеу – тілдік материалдарды дауыстамай-ақ сөйлей алудың бір формасы. Білім алушы ең алдымен ойын іштей құрады, сонан соң, керегінде сыртқа шығарады. Сөйлеудің осы түрлері туралы Қ. Жарықбаев, А.И. Жинкин сияқты ғалымдар зерттеулерінде жазылған. Ішкі сөйлеу – білім алушылар мен ұстаздардың арасындағы іс-әрекеттің алғашқы баспалдағы. Ұстаздар пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық тапсырманы түсіндіру кезінде де білім алушылар іштей сөйлеп, ойларын қорытып отырады. Сондықтан пәнаралық байланыста білім алушылар берілген тапсырмаларды, шығармаларды, мазмұндамаларды, ой-толғауларды ең алдымен іштей сөйлеу арқылы ойларын жинақтап алып, берілген тапсырмаларын орындай алады.

Әсіресе шығарма, ой-толғау, мазмұндама жазарда іштей сөйлеу үрдісі күшейе түседі де, балаларды не жөнінде жазу, қандай сөздерді қолдану, тапсырманың мағынасына, мақсатына жете алуына, сөйлемді қалай құрастыру керектігін ойланады. Шығармашылық тапсырмаларға негізделген тіл дамыту жұмыстары кезінде ішкі сөйлеуін сыртқа шығарғанда толық жеткізе алмай, кібіртіктеп, керекті сөздерді тез таба алмау білім алушыларда жиі кезігеді. Кейде сөйлеу кезінде небір шешендік оралымдарды орынды пайдаланып, көсіле жөнелетіндер керісінше, ішкі сөйлеуін жазу түріне айналдырғанда қиналып қалады.

Сөйлеудің екінші түрі – сыртқы сөйлеу. Сыртқы сөйлеу ауызша және жазбаша түрде болады. Ал ауызша сөйлеудің өзі диалог пен монолог болып бөлінеді. Диалогтік сөйлесу рөл ыңғайында ұйымдастырылып, жарыссөз, пікірталас түрінде өткізілсе, онда оқу мотивін

қалыптастырудың негізгі шарты – әрбір білім алушы өзін танытуға мүмкіндік береді. Тіл сөйлеу әрекеті арқылы іске асып, білім алушының ойлау дағдысын қалыптастырады. Білім алушылардың мәнді де мағыналы сұрақ қоя алуы ойлаудың алғашқы баспалдағы болып табылады.

Пәнаралық байланыста сөйлеуді дамыта оқытудың технологиясы болуы керек. Олар: диалог, пікірлесу, пікірталас, монолог.

Диалогтік сөйлеудің кейбір психологиялық ерекшеліктерін Қ. Жарықбаев төмендегідей атап көрсеткен:

1. Диалогтік сөйлеуде сөз бөгелмей еркін айтылады, ол ойды кең жайып жатуды тілейді.

2. Үнемі кезектесіп айтылатындықтан ықшам келеді, тек әңгімелесуші адамдардың өздеріне ғана түсінікті болады.

3. Диалогтік сөйлеудің логикалық жағы кемдеу болады.

4. Диалогтік сөйлеуде сөз ым-ишаралары мен бет пен көздегі мәнерлі, қозғалыстарды толықтырады.

Монолог сөзге тән психологиялық ерекшеліктер:

1. Монолог сөз үнемі белгілі бір жоспарға сәйкес құрылады, бұл алдын ала даярлықты тілейді.

2. Монолог сөзге логикалық жағынан қатаң талаптар қойылады.

3. Монолог сөз мәнерлі, адамға әсер ететін моменттерді көбірек қажет етеді [3].

Тіл дамыту жұмыстарын интерактивті әдістер арқылы жүргізген тиімді.

Ұтымды жақтары төмендегідей:

1. Рөлдік ойындар әдісі арқылы білім алушылардың ойлауы, іскерлік дағдысын қалыптастырып, қабілетін, дарынын дамытады.

2. Миға шабуыл әдісі бойынша қысқа уақытта, негізгі қиялына ерік бере отырып, тақырып бойынша өз пікірлерін айтып, эвристикалық әдісті пайдаланады.

3. Дебат әдісі білім алушылардың ойлау қабілетін дамытып, сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.

4. Дискуссия әдісінде білім алушылар өз ойын тез жинақтап бір-бірімен пікір алмасып, ой қорыту үрдісі жылдам жүреді.

Сөйлеудің ерекше түрі – жазбаша сөйлеу. Жазбаша сөйлеу адам баласы хат тани бастаған кезде, ауызша сөйлеудің біршама дамыған кезінде ғана пайда бола бастайды. Жазбаша сөйлеу – арнаулы әдістер арқылы меңгерілетін сөйлеудің түрі. Жазбаша сөйлеу білім алушының тіл мәдениетінің дамуына ерекше ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Жазбаша сөйлеуді меңгеруде бала мектеп табалдырығын аттағаннан бастап кіріседі. Қазіргі таңда ұстаздардың алдында тұрған ең негізгі мәселелердің бірі – білім алушылардың әдеби тілде көркемде шебер сөйлеуге, жаза білу дағдыларын қалыптастыру. Жазылым әрекетінде білім алушылар берілген тапсырмаға зейінен аударып, әр сөзге ойлау құрастырады. Қазақ тілін басқа пәнмен байланыстыра отырып білім алушыларға әр түрлі тақырыпта шығарма, мазмұндама, ой-толғаулар жаздыруға болады. Пәнаралық байланыста әсіресе білім алушылардың жазба тілін дамытуда, оқу, жазу арқылы сын көзімен қарау технологиясын пайдалану өте тиімді болып келеді.

Ойлау мен сөйлеу бір-бірімен тығыз байланыста болады. Қазақ тілін әдебиетпен байланыстырып шығармашылық тапсырмалар арқылы тіл дамыту жұмыстарының нәтижесінде білім алушылардың ойлау үрдісі дами түседі. Шығармашылық жұмыстар ең алдымен білім алушының шығармашылық ойын дамытады. Ойлау ғалымдардың зерттеуі бойынша өнімді, өнімсіз, шығармашылық, шығармашылық емес болып бөлінеді. Шығармашылық ойлаудың ерекшелігі сол – білім алушының өз бетімен жаңа білімге қол жеткізуі және жаңа нәрсені табуында. Шығармашылық ойлау – адам дамуының ең басты сатысы. Оның мақсаты ойлап табу, дайындау, бір нәрсені жасау, құрастыру т.б.

Сөйлеу тілінің дамуы – ойлаудың дамуымен тығыз байланысты, бұл екеуі бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі жетілдіреді. Ойдағының бәрі тілде үнемі көрініс таба бермеуі мүмкін, алайда көкіректе сана, ойда негіз бар болса, айтарға да сөз табылады.

Сондықтан пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық тапсырмалар арқылы тіл дамыту жұмыстары осы мәселелерді дамытуды мақсат етеді. Тіл дамыту жұмыстарының арнайы берілген тапсырмалар білім алушылардың қиял үрдісінің дамуына түрткі жасайды. Мысалы, білім алушылардың қиялдарына, ойларына ерік бере отырып, берілген тапсырмаларға модель жасап және оны қорғауға болады.

Білім алушылар пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық жұмыстарды орындап шығуы, ақыл-ойларының жоғарғы дәрежеде дамыған бай қиялының үрдісінен туындалады. Пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық тапсырмалар арқылы тіл дамыту жұмыстары білім алушылардың жас ерекшеліктерінен лайықталып жасалуы тиіс.

Пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық тапсырмаларды орындау кезінде көбінесе қайта жасау қиялы білім алушының психикасын белсендіре түседі. Шығармашылық бағыттағы жазба жұмыстары білім алушылардың білім деңгейлерін шығармашылық деңгейге дейін көтеріп, білімді білім алушылар өз іс-әрекеттері арқылы алуына көмектеседі. Осы жерде шығармашылық қиялдың орны ерекше деуге болады.

Шығарма – тебіреніс, шығарма – толғау, арман – толғау сияқты шығармашылық тапсырмаларды орындаған кезде білім алушылардың эмоциялары өзгеріп, шабыт сезімдері пайда болады. Шығармашылықтың ең жоғарғы деңгейі.

Белсенді қиялдың үшінші түрі – арман. Мұның шығармашылық қиялдан өзгешелігі – арман өзіміз тілеген қиялдың бір үрдісі. Арманды шығармашылық қиялдың алдыңғы сатысы деуге болады. Шығармашылық бағыттағы жазба жұмыстарының бір түрі – арман – толғау. Ол білім алушылардың тек тілдерін ғана емес арман мен сезім үрдісінің дамуына ықпалын тигізеді. Арман – толғау, шығарма – толғау тапсырмасы шебер де өрнекті тілді талап етеді. Ең бастысы, білім алушы өзін кейіпкер орнына қойып, арманына, қиялын ерік бере отырып тапсырманы жазып шығуға талаптанады.

Сонымен, пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық жұмыстар арқылы тіл дамыту технологиясы білім алушылардың қиял үрдісінің дамуына жол ашып отырады. Мысалы, ой-толғау, шығарма-тебіреніс, сыр-хат, модель-қорғау, бейне жасау жұмыстарында бала ойлау белсенділігін барынша жұмсайды да, қиял бейнелерінің жетегінде кетеді. Көркем әдебиеттегі түрлі кейіпкерлер мен бейнелерді көз алдына елестетіп, ерекше бір күйге, сезімге енеді. Сөйтіп, шығармашылық тапсырмалар баланың қиялын дамыта отырып эстетикалық сезімдерін оятады. Шығармашылық тапсырмалар балалардың интеллектісінің жедел өсуіне әсерін тигізеді. Олардың сүйікті кейіпкерлерінің қайғысын, қуанышын, сәтсіздігін, мұңын бірге бөлісіп, тіпті кейіпкерлерінің көңіл-күйін сезіну, оған ортақтасу сияқты сезімдер пайда болады. Ал пәнаралық байланысқа негізделген шығармашылық жұмыстар баланың жан қуаттарының дамуына әсер етеді.

Күнделікті орындалатын тапсырмалар түрлеріне білім алушылар төселіп, тұрақты әдетіне айналдырса, зейіндері үйреншікті бола бастайды. Балаларға шығармашылық тапсырмаларды қызығып, ұзақ уақыт бойы орындай беру оңай емес, сол себептен ырықты зейінге орын беріледі. Ал үнемі ырықты зейінмен де жұмыс істей беру оларды шаршатып жібереді. Сондықтан осы екі зейін түрін бірлікте қарастыра отырып, үйреншікті зейінмен тіл дамыту жұмыстарын істеуді әдетке айналдыруды машықтандыру керек. Ұстаз қазақ тілін басқа пәнмен байланыстырып, қызықты шығармашылық тапсырмаларды бергенде, білім алушыларға басқа тітіркендіргіштердің бөгет жасамай, қайта олардың зейінінің ұлғая түсуіне көмектеседі.

Қорытындылай келгенде, қазақ тілін басқа пәндермен байланыстыра отырып, шығармашылық тапсырмалар арқылы білім алушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға, тіл дамыту жұмыстарына психологияның жоғарыда баяндалған аспектілері: баланың зияткерлігінің өсуіне, моральдық дамуына, ойлауына, зейінін аударуға, тілін

дамытуға әсерін тигізеді. Тіпті олардың дүниетанымы кеңейі, өмірдің мәнін түсінуіне үлкен қызмет атқарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. Возрастные и индивидуальные особенности младших подростков. Под ред Д.Б., Эльконина Т.В., Драгуновой.- Москва, 1985.-111 с.
2. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. М: Педагогика, 1986.-183 с.
3. Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. А.: Кітап, 2002. –415 б.
4. Мұқанов М.И. Жас және педагогикалық психология. Алматы, 1982.-14 б.
5. Сәбет Бап-Баба. Жантану негіздері. Алматы: Дәнекер, 2001. -297 б.

УЛАНОВА М.Н.

преподаватель кафедры языковой подготовки Военного института Национальной гвардии Республики Казахстан, магистр педагогических наук, г. Петропавловск.

PROBLEMS OF MILITARY-PATRIOTIC EDUCATION OF YOUTH IN PEDAGOGICAL RESEARCH

The radical changes that took place at the end of the 20th century in Russia, new problems associated with the education of schoolchildren in the transition to the market, necessitate rethinking the essence of military-patriotic education, its place and role in the life of Russian society. As one of the areas of patriotic education, it is an integral part of all activities to prepare the younger generation to perform the most important social functions in various spheres of life, including the defense of the Fatherland.

The word “patriotism” comes from the Greek. «Patris»– fatherland, motherland. Therefore, in all definitions, the main features of this concept are love for the Motherland (Fatherland), pride in one’s country, devotion to one’s Fatherland and pride in it.

Military-patriotic education is a systematic and purposeful activity of public authorities and organizations to form citizens of high patriotic consciousness, a sense of loyalty to their Fatherland, readiness to fulfill their civic duty and constitutional obligations to protect the interests of the Motherland.

Military-patriotic education is aimed at the formation and development of a person who has the qualities of a citizen – a patriot of the Motherland and is able to successfully fulfill civilian duties in peacetime and wartime.

Military-patriotic education of citizens is organized and carried out in accordance with the federal law “On military duty and military service” (Articles 11, 15), the decree of the Government of the Russian Federation “On the approval of the Regulation on the preparation of citizens of the Russian Federation for military service.” The following provision is enshrined in these normative legal acts: “Military-patriotic education, which is an integral part of the compulsory preparation of citizens for military service, is organized by the executive authorities of the constituent entities of the Russian Federation and local self-government bodies jointly with the Ministry of Defense of the Russian Federation and federal executive bodies, in which the law provides for military service, and is carried out in educational institutions of basic general education, secondary (complete) general education, primary vocational, secondary vocational and higher vocational education, in educational centers, as well as in military-patriotic youth and children’s associations. “

Recent events have confirmed that the economic disintegration, social differentiation of society, the devaluation of spiritual values had a negative impact on the public consciousness of most social and age groups of the country’s population, sharply reduced the educational impact of Russian culture, art and education as the most important factors in the formation of patriotism. The

gradual loss of our society's traditional Russian patriotic consciousness has become more and more noticeable. Objective and subjective processes have significantly aggravated the national question. Patriotism in some places began to degenerate into nationalism.

In these conditions, it is obvious that it is necessary to solve the most acute problems of the system of upbringing patriotism at the state level as the basis for consolidating society and strengthening the state.

To unite the efforts of the federal executive authorities, executive authorities of the constituent entities of the Russian Federation, to coordinate and direct their work to all social and age groups, the family as the main unit of society, a unified state policy in the field of military-patriotic education of Russian citizens and a state system corresponding to this policy is needed. Military-patriotic education of citizens, capable of consolidating this multifaceted work.

This system may include the relevant state structures, the regulatory legal framework of educational activities at all levels, from the primary collective to the highest bodies of state power, as well as a set of measures to form patriotic feelings and consciousness of citizens of the Russian Federation.

The system of military-patriotic education provides for the formation and development of socially significant values, citizenship and patriotism in the process of education and training in educational institutions of all types and types; mass patriotic work, organized and carried out by state structures, social movements and organizations; the activities of the media, scientific and other organizations, creative unions, aimed at considering and covering the problems of military-patriotic education, at the formation and development of the personality of a citizen and defender of the Fatherland.

Military-patriotic education has a very special function that distinguishes it from other areas of educational work: to prepare young people for the most extreme situations of defending the Fatherland – for an armed struggle against an aggressor, to develop readiness for service in the Armed Forces and to fight for the preservation of peace.

Before combining military-patriotic education with other areas of the educational process, it is important to identify its own nature, its independent functions in the formation of the personality, to determine what is the content of military-patriotic activity and appropriate training, what situations, what motivation, what living conditions are most favorable for development personality of a patriot, internationalist, staunch, courageous and skillful defender of the Motherland.

The requirements for a person prepared to defend the Fatherland are determined today not only by the nature of military labor, but also by the system of universal values, for the protection of which the future warrior is preparing. The study, analysis of the activities and way of life of a warrior in this case serve as one of the methodological grounds for improving the preparation of student youth for the defense of the Motherland.

Military-patriotic education cannot be isolated from other aspects of personality development, just like other aspects of its development cannot be effectively implemented without this aspect. The productivity of all types of human activities and learning increases many times over, when the motivation for their implementation is enriched by the awareness of their involvement in the defense of the Fatherland.

In domestic pedagogy and literature, great importance has always been attached to the military-patriotic education of young people. Another thing is that in different historical periods views on its tasks, forms and methods of implementation were different.

Outstanding teachers and writers considered patriotism, the human striving for the prosperity of the Motherland, to be the basis of his spiritual life. So, A. N. Radishchev noted that “a true man and a son of the fatherland are one and the same.” Revealing the important qualities that, in his opinion, should be inherent in every person, he wrote: “He is directly noble, whose heart cannot but tremble with tender joy at the same name of the fatherland.” The pedagogical concept of Alexander Nikolaevich Radishchev, set forth in “Journey from St. Petersburg to Moscow” (1790, chapters “Sacres”, “Podberezye”), is focused on training useful members of society with “moral and civic virtues” [1]. “Not everyone born in the fatherland is worthy of the majestic title of the son of

the Fatherland (patriot) ... A true man and the son of the Fatherland are one and the same ... strives to preserve honor, gives good advice and guidance. He would rather agree to perish and disappear than to set an example of unlawfulness ... and if he is convinced that his death will bring power and glory to his fatherland, he will not be afraid to sacrifice his life ... He is downright noble, whose heart cannot but tremble at one name of the Fatherland ...“, - he pointed out.

The Russian critic-democrat V.G.Belinsky pointed out that patriotism contains universal values and ideals and makes a person a member of the common human community, considered the main task of moral education to develop in children a sense of human dignity, patriotism, humanism, love of work: “To love one’s homeland, - he emphasized, - means to ardently wish to see in it the realization of the ideal of humanity and, to the best of one’s ability, to advance this”[2].

NG Chernyshevsky and NA Dobrolyubov, considering the issues of the upbringing of the younger generation, defined as its main goal the training of a citizen who loves his homeland and takes an active part in public affairs. To do this, it is necessary to give the young person the right to develop normally and freely, to instill in him the right views on life, solid ideas about good, truth, duty, to cultivate firmness of will, independence in judgment, hard work, patriotism [3].

The great Russian teacher Konstantin Dmitrievich Ushinsky believed that patriotism is not only an important task of education, but also its powerful pedagogical tool. “As there is no man without pride, - he wrote, - so there is no man without love for the fatherland, and this love gives education the right key to a person’s heart and a powerful support for the fight against his bad natural, personal, family and family inclinations” [4] ...

KD Ushinsky, developing the principle of nationality in upbringing, especially emphasized the importance of fostering love for the Motherland, humanity, diligence, responsibility in children. He fervently condemned the desire to vilify his native country, its history, customs, and spoke with disapproval of those who believed that in our history “everything is worthy of ridicule and contempt” [5]. In 1860, he wrote: “If an English, German or French teacher noticed such a direction in any of us, he would undoubtedly look at us with the deepest surprise as madmen who have not the slightest idea about the human soul, neither about its moral dignity, nor about education. No, this does not mean to educate the soul, but rather to destroy it ... this is not education, but savagery, vandalism, because only barbarians tend to have no history. “KD Ushinsky pointed out: “Moral influence is the main task of education, much more important than the development of the mind in general, filling the head with knowledge and explaining to everyone his personal interests” [6].

In the Russian philosophical, sociological, psychological literature, various aspects of creating conditions for military-patriotic education were discussed.

Great writers of all times have pointed out the importance of patriotic education. ME Saltykov-Shchedrin pointed out: “Fatherland is that mysterious, but living organism, the outlines of which you cannot clearly define for yourself, but which you continuously feel touching, because you are connected with this organism by an inseparable umbilical cord. He, this mysterious organism, was a witness and source of the first impressions of your being, he endowed you with the ability to think and feel, he created your habits, gave you language, beliefs, literature, he warmed and sheltered you, in a word – made of you a capable being live ...“[7].

In the Soviet period, in the course of research, both various components of the military-patriotic education of young people and the functioning of the system as a whole were considered.

Of particular importance in the study of issues of military-patriotic education in the Soviet period are the works of V. A. Sukhomlinsky, who believed that school should instill in young people the desire for selfless service to the Motherland, for active labor and social activities. “Patriotic education is the basis of morality. We strove for each teenager to form a personal attitude to the Motherland, a desire, a spiritual impulse to affirm its dignity, greatness, honor, glory, power. “

Defining Soviet patriotism as “the noble love of the Soviet people for their socialist fatherland” [8], V. A. Sukhomlinsky emphasized that one of the main educational tasks of the school is to prepare students for simple, everyday, everyday work for society as a patriotic activity,

moreover, the very activity of children, organized by the teacher for this purpose, is the driving force behind the formation of the personality of a growing citizen [9].

The well-known book of V. A. Sukhomlinsky "The Birth of a Citizen" summarizes the experience of the Soviet school in patriotic education. He considered the organization of the active life of the collective an indispensable condition for patriotic education. A special place in this work is given to the formation of a child's civic position, the influence of schools, families, children's, public organizations on the education of patriotism. VA Sukhomlinsky emphasized the inadequacy of the simple inclusion of children in activities. The effect of upbringing, he believed, is achieved only when in the process of activity a useful result is obtained, assessed from the outside, bringing satisfaction and prompting further actions.

Military-patriotic education was put forward as the main goal of education from the first days of Soviet power. Soviet pedagogy considered the issues of education of patriotism in the aspect of the social orientation of the individual. The desire to include children and youth in the revolutionary process determined the task of forming the qualities of the personality of a citizen who would live, in the words of A. V. Lunacharsky, "a social life much more than personal interests." The social orientation of the individual was considered as the most important result of educational work.

The school has always played a special role in patriotic education.

S. Makarenko, considering the goals of upbringing in the Soviet school, emphasized that patriotism manifests itself not only in heroic deeds, a true patriot is required not only a "heroic outburst", but also long, painful, pressure work, often even very hard, uninteresting, dirty. "The school should bring up, he believed, educated people, skilled workers, people with organizational skills, disciplined, cheerful and cheerful.

An analysis of A.S. Makarenko's works shows that he connected the education of patriotism:

- with a holistic approach to the personality of the pupil, when a person is brought up not in parts, but with the whole "set of influences";
- the formation of the team as a specific social environment for the education of the individual;
- social responsibility for team members, their work in the process of collective life;
- labor activity in order to learn their independence and independence;
- discipline as a means of development, achieving freedom, personal security;
- the introduction of traditions as a means of consolidating the results of upbringing the development of personality traits [10].

However, the studies carried out by scientists at a certain stage in the historical development of our society were the result of their time and reflected its needs: on the one hand, the presence of a strong ideological dominant, which automatically shifted the emphasis from the personality of a patriot to politicized events, and on the other hand, insufficient attention to national cultural and socio-historical values.

It would not be an exaggeration to say that the nature of scientific work on the problem of patriotic education was also reflected in the political situation that took place in the world (the total arms race, and with it the development of ideological doctrines aimed at strengthening the defense capabilities of states, in particular superpowers), many pedagogical studies wore a military-oriented orientation.

The work of MA Terenty reveals the signs of the concept of "Soviet patriotism", developed a system of continuity and sequence of presentation of the content of the signs of Soviet patriotism in the structure of the textbook of national literature. Of great interest are the parameters of identifying the concept of a concept proposed by the author: the occupied place of the concept of a concept, the degree and depth of its manifestation, on what material this feature is manifested (positive or negative) [11].

A. Andronov, D. A. Volkogonov, A. N. Vyrshchikov, M. P. Korobeinikov, M. N. Ryabich, S. A. Alieva investigated the pedagogical aspects of patriotic education in preparing adolescents to

defend the Fatherland. Which are physical education and physical training, taking into account the individual characteristics of adolescents; insufficient knowledge of the problem of increasing the effectiveness of training adolescents to defend the Fatherland; fundamental ideas for the integration of the activities of all subjects involved in the formation of adolescents' readiness to defend the Fatherland and its implementation in practice.

Thus, the urgency of the problem of military-patriotic education is manifested with particular force at the present time in connection with the socio-political and economic challenges that characterize the modern international community. These challenges are manifested in connection with the crisis of social systems, the emerging economic instability, deepening interethnic strife, the deterioration of the environmental situation, etc. the needs of the child. There is no doubt that in

The social and pedagogical situation was greatly aggravated by the termination of the activities of children's and youth organizations.

In this regard, it is necessary to constructively investigate the existing experience of military-patriotic education of young people and fill it with new content corresponding to modern realities, while maintaining continuity and loyalty to national traditions. The task of developing a system of an integral continuous process of military-patriotic education of young people is an urgent task for domestic teachers.

Literature:

1. Radishchev A. N. Travel from St. Petersburg to Russia. M.: Soviet Russia, 1983.S. 240.
2. Belinsky V. G. About children's literature / V. G. Belinsky, N. G. Chernyshevsky, N. A. Dobrolyubov. M.: Det. Lit., 1953, p. 430.
3. Dobrolyubov N. A. Questions asked by life. M.: Soviet Russia, 1986.S. 352.iCan't find what you are looking for? Try a literature selection service.
4. Ushinsky KD Man as a subject of education: Experience of pedagogical anthropology: in 10 volumes. T. 810. M., 1955.
5. Ushinsky KD About the nationality in public education. Pedagogical essays. M.: Pedagogika, 1988.S. 278.
6. Ushinsky KD On the need to make Russian schools Russian / ed. A.I. Piskunova // Izbr. Ped. Cit.: in 2 Volumes.M. Pedagogy, 1974.Vol. 2.S. 207214.
7. Saltykov-Shchedrin ME Stories. Moscow: Sovremennik, 1989.S. 493.
8. Sukhomlinsky VA Education of Soviet patriotism among schoolchildren. M.: Uchpedgiz, 1959.S. 317.
9. Sukhomlinsky V. A. On education. 3rd ed. M.: Politizdat, 1969.S. 270.
10. Makarenko A. S. Education of the citizen. M.: Education, 1968.S. 373.
11. Terenty MA Pedagogical foundations of patriotic and international education of students (the content of patriotic international education of students in the structure of textbooks of the humanitarian cycle and extracurricular extracurricular work in the MSSR): dis. ... Dr. ped. Sciences. Chisinau, 1982, p. 384.
12. Kharlamov IF, Gorlenko VP Education of patriotism and culture of interethnic relations // Pedagogy. M., 1997.S. 341-352.
13. Ananiev BG Man as a subject of knowledge // Selected psychological works. T. 1.M., 1980.S. 163.

ХАЛИДОЛДА Ж.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы
Ұлттық қорғаныс университеті, әскери ғылымдарының докторы, профессор.

БАЙСЫКОВ С.А.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы
Ұлттық қорғаныс университеті, қауымдастырылған профессор, полковник.

ӘСКЕРИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ – ЕГЕМЕНДІК ТАЛАБЫ

«Қазақстан – 2050» стратегиясы білім ордасының алдағы уақытта дамуына серпінді қарқын бермек. Әскери оқу орындарының жоспарына сай штаттық-ұйымдастыру, оқу - әдістемелік және ғылыми жұмыстар, профессорлық оқытушылар құрамының кәсіби дайындығы, оқу және материалдық-техникалық базасын дамыту, тәуелсіздік жылдары ішінде жиналған игі дәстүрді абыроймен жалғастыру отан алдындағы патриоттық борыш екені айқын. Әскери білім беру жүйесін жан-жақты зерттеп, отандық, шетелдік тәжірибелерді пайдалана отырып ғылыми негізде, заман талабына сай жетілдіру басты мақсаттың бірі.

Жаңа әскери доктрина негізінде мемлекеттілікті, ұлттық егемендік пен ел тұттастығын нығайту міндеті қойылды. Кейінгі кезде әлемде, өңірде және елімізде елеулі өзгерістер орын алуда. Қазақстанның геосаяси төңірегіндегі әскери-саяси жағдай күрделі және болжамдануы қиын, келешекте шиеленісу үрдісі де байқалуда. Біздің мемлекетіміздің халықаралық беделі мен экономикалық мүмкіндігі әлдеқайда өсті, Қазақстан ұлттық, өңірлік және жаһандық қауіпсіздік саласындағы ішкі мемлекеттік және халықаралық қатынастардың әскери қырларын реттейтін деңгейге көтерілуде. Қазақстан өз азаматтарының әскери қызметті өтеу тәртібі және өз аумағындағы қару-жарақ пен техниканың орналасуын өз бетімен анықтайды, сонымен қатар қазіргі заманғы Қарулы Күштер жинақы, машықтанған, заманауитехникамен жабдықталған, елін қорғау бойынша міндеттерді шеше алатын деңгейдегі әскер болуыықтимал.

Қазақстан қоғамында әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңарту, соның ішінде әскери құрамдастарын жаңартудың қажеттілігі артуымен қатар, оны қалыптастыру жолында қаржымен және басқа да материалдық құндылықтармен қамтамасыз ететін тұтас жүйе орнады. Атап айтқанда, Қарулы Күштерді ең жаңа қару және техникамен жабдықтау; мемлекетті қорғауда басқа мемлекетке тәуелді болмауға ұмтылу; әскери кадрлар даярлау бойынша ТМД және басқа елдермен бірігіп жұмыс істеу; өзінің әскери оқу орындарын сапаландыру; басқа шет елдермен бірігіп әскери оқу-жаттығу ойындарын өткізу; кәсіби армияға көшу сияқты т.б. мақсаттар алға қойылды. Ал егеменді ел тірегі - «Қарулы күштер» болса, сол Қарулы күштерге жастарды мектеп табалдырығынан даярлайтын бастапқы әскери дайындық, еліміздің тәуелсіздік алған жылдан бастап, ерекше мемлекеттік пән ретінде, көптеген саяси-әлеуметтік қиыншылықтарды жеңе отырып бұрынғы кеңестер одағы кезінен жинақталған мол тәжірибелік әдістемеліктерді қарастыра отырып мемлекеттік пән аясында қалыптасып келеді.

Әскери өнер тарихы - түрлі қоғамдық құрылымдардағы қарулы күрес тәсілдері мен түрлерінің дамуын, стратегиялық, оперативтік өнер мен тактика мәселелерін, әскери техника, құрал-жабдықтарының соғыстардағы тарихи тәжірибесін жинақтап зерттеу арқылы жаңа түрлі жағдайда заманға сай жалпы қарулы күштерді дамыту, ұйымдастыру, әскери айла-тәсіл, қимылдарды дайындау әрекеттерінің үйлестірілуін, оның заңдылықтарын айқындайтын әскери ғылым саласы. Қазақ халқының әскери ісінің сипаттамаларын Геродоттың, Страбонның және ежелгі түрік, Қытай және Орыс жазбалар көздерінен, Рашид-ад-диннің, Плато Карпинидің, Марко Полоның тарихи шығармалары және басқа тарихи (көшпенділердің әскери өнер тарихын зерттеуде М.И. Иванин, Я. Владимирцев, С.М. Абромзон, Эренжен Хар Даванн, Н.А. Русляков, В.И. Кун, Ю.С. Худяков, А.Рязанов, Г.И. Семенюков, К. Смағұлов, Т. Хайдарова, В.П. Курылев, И.Ж. Шаханов, Э.Ж. Валиханов,

Ж.М. Жетібаев, К.С. Ахметжанов, А.К. Күшкүмбаевтар қатарлы басқада көптеген ғалымдар құнды еңбек атқарды және атқарып келетінін деректерден көруге болады [1].

Сонымен қатар, Қарулы Күштерінің әскери білім жүйесі қарулы күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының кадрлық әлеуетін қалыптастырудың ең маңыздысы, соның ішінде әскери қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру ісінде жетекші рөл атқарады. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында әскери дайындық жүйесін жетілдіру барысында шетел мемлекеттерінің әскери кадрларды даярлау бойынша озық тәжірибесін зерттеп, қолдану қажет. Қазақстан әскери саясатының жалпы принциптері және Қарулы Күштердің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі, Қарулы Күштердің қоғамдағы орны, Қазақстан Республикасының азаматы ретінде әскери қызметшінің жалпы құқықтарын, сондай-ақ әскери қызмет ерекшеліктерімен негізделген оның құқықтарын, міндеттері заңдастырылған мемлекет. Қазақстан әскери саясатында әскери білім беру жүйесі азаматтарды әскери қызметке даярлаудан басталады (мемлекеттік органдар әскерге шақыру жасына дейінгі және әскерге шақыру жасындағы азаматтарды әскери қызмет негіздеріне оқыту мақсатында, сондай-ақ әскери міндеттілер әскери қызмет өткеруі үшін әскери-техникалық және басқа да әскери мамандықтар бойынша даярлау және қайта даярлау мақсатында өткізетін міндетті іс-шаралардың біріккен түрі), ол алғашқы әскери дайындық жалпы білім беретін мектептерде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы – Қазақстан Республикасы азаматтарын Қарулы Күштерде, басқа да әскерлермен әскери құралымдарда қызмет етуге дайындайтын мемлекеттік жүйенің негізгі құрамы болып табылады [2].

Ал келесі сатысы Әскери кадрлар дайындығы, ол Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету туралы түсінігін және әскери іс негіздері бойынша оқушылардың білімдерін қалыптастыру, оқушылардың өмірлік қабілеттері мен дағдыларының дамуын қалыптастыруға ықпал етуге арналумен қатар қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетінің теориясы мен тәжірибесінің тарихына және қазіргі заман мәселелерін, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау, оқытушылар мен оқу бөлімшелері командирлерінің кәсіби дайындығын жетілдіру мәселелерін, жоғары әскери оқу орындарындағы білім беру үдерісі тәжірибесі және перспективаларын, инженерлік білім беру, техникалық мамандықтарды жүзеге асыру сауалдары қарастырылады.

Әлемдік стандарттар деңгейінде офицер корпусын кадрлармен толықтырудың жаңаша жолдарын іздеу. Жаңа және білім саласындағы инновациялық талаптарға пара-пар білім беру қызметінің сапасын көтерудің өзекті проблемалары назардан тыс қалмауға тиіс. Бұл қатардағы әскерден бастап барлық кадрларды даярлау, әскери білім сапасын жетілдіруде жасалатын маңызды қадам ретінде саналады. Қазақстандық әскерлер білім беру жүйесінің алғы мақсаттарының бірі әскери қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетін жаңа сапалы дәрежеге көтеру, білім сапасын әлемдік талаптарға сәйкестендіріп, үздік деп табылатын шетелдердің әскери оқу орындарымен қарым-қатынасты нығайту, тәжірибе жинақтау, оқу үдерісін осы заманғы технологияларды пайдалана отырып жетілдіру, әскери білім беретін орындарының оқу-тәрбие үдерісіне үш тілді енгізу сияқты шешімдер қабылдануы, әскери білім беру жүйесін жетілдірудегі игі істер болмақ.

Әскери дайындық тактикалық, оперативтік, стратегиялық сатысында өзгелік ерекшелік талаптарға сай ұйымдастырылады. Оқытудың теориясы мен практикасы Қарулы Күштердің қызметінде, әскери қызметшіні оқытудағы заңдылықтардың зерттелуі мен жүзеге асуында, офицерлер құрамының дайындығында маңызды орын алады. Мағынасына қарай әскери қызметшіні оқыту мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі тапсырмаларды орындай алатын бөлімшелер, бөлімдер, әскери маман дайындығындағы жаңа заманғы Қазақстанның сұраныстарын көрсететін қоғамдық және педагогикалық үрдістерге бейімдеу. Әскери қызметшіні оқыту олардағы (әскери қызметшінің, бағыныштылардың) білімнің, дағдының және біліктің дамуындағы бір-бірімен байланысқан жүйелі түрде іске асатын оқытушының (командир, бастық, оқытушы, тәрбиеші, нұсқаушы) жұмысын және де талаптарға сай әскери-кәсіби міндеттерді орындауға тұлғаның қабілетін жетілдіруде, әскери

және жалпы мемлекеттік дайындықты (оқу қызметі) ғана емес, барлық қызметтік практиканы қамтуды көздеу.

Сонымен қатар, әскери қызметшілердің мамандандырылуы әскери оқыту органдары субъектілерінің тәжірибелік кешенді іс-әрекеті ретінде жүргізіледі. Ол: әскери қызметшіні дамыту қажет болатын білім, білік және дағдының мамандандырылуы; әскери қызметшілер үшін әскери іс-шараны меңгеру; әскери қызметшілерді оқыту үрдісі дайындық кездегі қызметтік міндеттердің орындалуынан шектелмей, үздіксіз ізденісті жүргізілуіне бағыттау; жеке жауынгердің ұжымның дайындығы қамтамасыз ету оқыту түрлерін қолдануы; әскери қызметшінің дайындығы аудиторияларда, сыныптар мен лабораторияларда ғана емес, далада, теңізде, аспанда, аэродромдар мен танкодромдарда да жүзеге асырылады; әскери шеберліктің меңгерілуі күрделірек әскери техника мен қару-жарақтың қолданылуымен аса ауыр психологиялық және физикалық қиындықтармен байланысқан әскери жағдайларға мүмкіндігінше ұқсас жағдайларда іске асады; оқыту үрдісі жарғыға сәйкес ұйымдастырылған жағдайларға сай іске асуы керек. Ол командирлерге байланысты және әскери оқыту мен тәрбиелеу әдістемесін, құрылымын анықтайтын құжаттар (әскери ант, әскери жарғы, бұйрықтар) талаптарына сай, әртүрлілік пен әскер түрінің дайындық әдісін ескеретін белгілі бір ұйымшылдық әдістемелер өзіне сай бас қолбасшы мен Қарулы Күштері және әскер түрлері құжаттарының құрамында бекітіледі. Офицер мамандарды дайындауда, әскери қызметшілерді оқыту мен тәрбиелеу заңдылықтарын зерттеуде және жүзеге асыруда, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың өмірі мен қызметінде педагогикалық ғылым ерекше орын алады. Сондықтан әскери педагогика ғылымының бір саласы ретінде қарастырылып, оның мәні, мазмұны, ерекшеліктері, міндеттері, әдістері, негізгі категорияларын ашып көрсетуі өмір өзегінен қойылып отырған талап.

Халықаралық өзгерісті жағдайларға қарағанда, Қарулы Күштердің атқаратын міндеті тек сыртқы соғыс, қақтығыс, жанжалдарға қарсы қолданылу бір жақты көрініске айланды. Бұны соңғы кездегі сырт мемлекеттері Ливия, Египет, Ирак, Сирия, Украина, Грузия т.б. елдерде болған қақтығыстардан аңғаруға болады. Жалпылай қарағанда көбінде бұрын соғыс қақтығыс мемлекеттің шекарасының сыртынан бастау алатын болса, қазір мемлекеттің ішінде түрлі жағдайлардың ушыққанының жалғасы ішкі, сыртқы себептерді сылтау ретінде пайдаланылып сырт елдердің демеуімен (ренді төңкеріс, гибридтік айла-тәсіл, сетецентрлік соғыс, асимметрлік соғыс т.б. түрлі атаулы) соғыс өрті тұтануда бұл елдің егемендігіне, тәуелсіздігіне зиянды көрініс екені аңғарылуда. Осындай соғыс өзгерістері тек мемлекеттің бірғана ішкі істер күшімен реттей алмай әрі қарай соғыс өртіне жалғасуда, осының алдын алу, заңдылық құқықтарды жетілдіру, субъектілердің құқығын кепілдендіру қажеттілігі тұтануда [3].

Осылайша, әскери білім беру жүйесін Отан қорғаудың негізгі тұғыры әскери дайындықтың бір бөлігі ретінде қарап, оны жан-жақты зерттеп, отандық болып шетелдік тәжірибелерді пайдалана отырып ғылыми негізде, заман талабына сай жетілдіру басты мақсат болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Ж.Халидолда «Әскери білім: негізгі тенденциялар және даму бағыттары. әскери арнайы пәндер бойынша оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу, жазу және басып шығарудың заманауи әдістері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының баяндамалар жинағы. ҚР ҰҚУ, Астана - 2016. 292-297 б.

2 А.Б.Тасболатов «Алғашқы әскери дайындық» оқу бағдарламасы. – Астана, 2010ж. – 156.

3 Ж.И.Ергешбаев «ҰҚУ Хабаршысы» №2 2018 г. НУО, Астана, 131-137б.

ЦЫБУЛЬКО В.В.

старший преподаватель кафедры тактики и вооружения войсковой ПВО Военной академии Республики Беларусь, г. Минск.

ИННОВАЦИОННЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ В ВОЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ

В настоящее время система высшего военного образования, опираясь на современные тенденции в образовании, претерпевает значительные изменения. Главной целью реализовываемых преобразований является создание условий для повышения качества подготовки обучающихся, отвечающей современным требованиям к офицеру-выпускнику, защитнику Отечества. Одним из основных условий этого является совершенствование образовательного процесса путем внедрения инновационных педагогических технологий.

Совершенствование образовательного процесса высшего военного учебного заведения, а значит и подготовки высококвалифицированного военного специалиста, связывается с инновационными изменениями в технологиях обучения. В число инновационных технологий обучения входят интерактивные технологии обучения, технологии проектного обучения и компьютерные технологии.

Инновационные образовательные технологии в совокупности с интерактивными методами обучения довольно эффективно и обширно применяются в сфере гражданского обучения, вследствие чего было бы правильно максимально внедрять подобные методы обучения и в высших военных учебных заведениях.

Инновационные технологии в образовании способствуют регулировке обучения, направляя его в необходимое русло. Конечно же, процесс обновления обучения заключающийся во внедрении новых технологий в образовании является достаточно сложным. Поэтому целесообразней процесс обновлений запускать, при помощи определенных специализированных методик.

Эффективным и распространенным является параллельное внедрение, предполагающее сосуществование старого и нового образовательного процесса с постоянным анализом эффективности такого синтеза.

Инновации в высшем образовании являются, по сути, системой, состоящей из следующих частей: цели обучения; содержание образования; мотивации и средства передачи знаний; участники процесса, то есть обучающиеся (курсанты, слушатели), педагоги и результаты деятельности участников процесса.

Сами технологии обучения часто разделяют на четыре основных группы:

- информационно-развивающие;
- развивающие проблемно-поисковые;
- деятельностные;
- личностно-ориентированные.

Первая группа – это информационно-развивающие технологии, объединяет технологии, имеющие главной целью формирование стройной системы знаний и дающие значительный запас информации обучающимся. К ним относятся такие технологии, как: рейтинговая интенсивная технология модульного обучения; модульно-блочные; цельно-блочные; интегральные.

